



Балқаштың жаңа әкімі тағайындалды

2-бет



Кемел жоба, кең көкжиек

4-бет



Табиғат аясындағы тартысты бәсеке

8-бет



Бала болашағы мейіріммен қалыптасады

Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының 1-бабында «Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Осы тұғырлы қағидаттың аясында отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің ерекше қорғауында болады. Бала – отбасының қуанышы, елдің ертені. Оның қауіпсіздігі мен алаңсыз өсіп-жетілуі, сапалы білім алып, өз қабілетін толық танытуы – қоғамның кемелдігін айқындайтын басты өлшемнің бірі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық нағалығы да ұрпақ тәрбиесінің бір шаңырақтың шеңберінде қалмайтын, тұтас елдің келешегіне ықпал ететін жауапты міндет екенін аңғартады. Сондықтан, бала құқығын қорғау мәселесіне әлеуметтік қолдаудың бір бағытты ретінде ғана қарауға болмайды.

Жәлел ШАЙҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл нормалардың мәні қағаз жүзіндегі құқықтық ұстаныммен ғана шектелмейді. Олар мемлекеттік органдардың алдына нақты міндеттер қояды. Әрбір бала қауіпсіз ортада өмір сүруге, білім алуға, медициналық көмекке қол



жеткізуге, отбасында тәрбиеленуге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына құқылы. Ең бастысы, оның тағдырына қатысты кез келген шешімде баланың мүддесі бірінші орынға қойылуға тиіс.

Қарағанды облысы балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Баян Нұртаеваның

айтуынша, конституциялық кепілдіктер әр баланың күнделікті өмірінен нақты көрініс табуы қажет.

– Конституцияда бекітілген нормалардың шынайы құндылығы олардың әрбір баланың өмірінде жүзеге асуымен өлшенеді. Бала өз құқығы бұзылған жағдайда оны тыңдайтын, қорғайтын және қажетті көмек көрсететін жүйе бар

екенін білуі керек. Сондықтан, басты мақсатымыз – құқықтық кепілдіктерді нақты мемлекеттік тетіктермен ұштастырып, әр баланың қауіпсіз ортада білім алып, еркін дамуына жағдай жасау. Баланың құқығын қорғау – бірімізге ортақ міндет, – дейді Баян Сейтбекқызы.

Бүгінде аталған конституция-

лық қағидаттарды жүзеге асыру үшін бала құқықтарын қорғау жүйесі жетілдіріліп, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қызметі күшейтілуде. Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға профилактикалық әрі әлеуметтік қолдау көрсетуге басымдық берілген. Балалардың немесе олардың тағдырына алаңдаған азаматтардың жедел көмек сұрауына мүмкіндік беретін «111» бірінғай байланыс орталығы жұмыс істейді. Өңірлерде балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі дербес басқармалардың құрылуы да осы бағыттағы маңызды қадам болды.

Жаңа тәсілдің түпкі мақсаты – мәселе күрделенгеннен кейін ғана салдарымен күресу емес, оның алдын алу. Өйткені, дер кезінде байқалған қауіп, уақытында айтылған ескерту мен жасалған бір қонырау кейде баланың бүкіл тағдырын өзгертуі мүмкін. Осы ретте білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау органдары мен балаларға қызмет көрсететін ұйымдардың өзара үйлесімді іс-қимылы ерекше маңызға ие.

Қарағанды облысында бұл байланыстарды күшейтуге айрықша көңіл бөлінуде. Баланың сабағындағы өзгеріс мұғалімнің, денсаулығындағы жайсыздық дәрігердің, отбасындағы қолайсыздық әлеуметтік қызметкер немесе учаскелік инспектордың бақылауында.

► 3-бет

• РЕСМИ

Цифрлық платформа бақылайды

Денсаулық сақтау министрінің мәлімдеуінше, елімізде денсаулық сақтау саласындағы қорды басқаруға арналған бірінғай цифрлық жүйе – Зияткерлік денсаулық сақтау платформасы (Health Intelligence Platform) іске қосылды.

Жаңа платформа медициналық ұйымдар, медицина қызметкерлері, медициналық техника және инфрақұрылым жөніндегі мәліметтерді бір цифрлық кеңістікке біріктіреді. Оның көмегімен саладағы қорды нақты уақытқа жакын күн тәртібінде бақылап, кадрлық және материалдық қажеттіліктерді бағалауға, сондай-ақ, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік туады.

Жүйе медициналық ұйымдардың лицензиялық талаптарға сәйкестігін де қашықтан бағалайды. Пилоттық кезеңнің қорытындысы бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін 38 медициналық ұйым анықталған.

Платформаны енгізу денсаулық сақтау саласындағы мәліметтерді жүйелуге, қорды тиімді бөлуге және медициналық ұйымдардың қызметіне жүргізілетін бақылауды күшейтуге бағытталған.

Өз тілшімізден

Бірыңғай жүйе, бір мүмкіндік

Елімізде 19 шілдеден бастап бірыңғай банкаралық QR-төлем жүйесі ресми түрде іске қосылды. Енді тұрғындар жүйеге қосылған сауда орындарында тауарлар мен қызметтердің ақысын өздері пайдаланатын банктің мобильді қосымшасы арқылы төлей алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы Тимур Сүлейменовтің мәлімдеуінше, жоба – елдегі цифрлық төлем жүйесін дамытуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Бұған дейін әр банктің QR-төлемге арналған жеке техникалық шешімі болғандықтан, кей жағдайда бір банктің мобильді қосымшасы екінші банктің QR-кодын оқымайтын.

– Тұтынушылар тауарлар мен қызметтердің ақысын кәсіпкердің қай банктің қызметін пайдаланатынына қарамастан, өз банкінің мобильді қосымшасы арқылы кедергісіз төлей алады, – деді Тимур Сүлейменов.

Жобаны жүзеге асыру барысында екінші деңгейлі банкердің техникалық жүйелерін өзара сәйкестендіру, QR-кодтағы мәліметтердің бірыңғай үлгісін қалыптастыру және деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілген.

QR арқылы төлем жасау мен телефон нөмірі бойынша банкаралық ақша аударымдары тәулік бойы, нақты уақыт режимінде жүргізіледі.

Өз тілшімізден

Келешек STEM-нен басталады

«Бұрын елдің әл-ауқаты аумағының көлеміне және халқының санына байланысты болса, қазір технология мен адам капиталының сапасы алдыңғы қатарға шықты», – деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент айқындаған бұл міндетті жүзеге асыруда STEM білім беру жүйесіне ерекше мән беріліп отыр. Ғылымды, технологияны, инженерия мен математиканы кіріктіре оқытатын заманауи бағыт жас ұрпақтың зерттеушілік және инженерлік қабілетін дамытуға жол ашуда. Бұл бағыт Қарағанды облысында да жүйелі жүзеге асырылып, өңір мектептерінде жаңа STEM-зертханалар ашылып, оқушылардың ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен іске асырылып келеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі еңбек нарығы бұрынғыдан өзгеше. Алдағы онжылдықта сұранысқа ие мамандықтардың басым бөлігі цифрлық технологиялармен, автоматтандырумен, бағдарламалаумен және инженерлік жобалаумен байланысты болады. Сондықтан, мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың логикалық ойлауын, зерттеу жүргізу дағдысын және технологиялық сауаттылығын қалыптастыру – уақыт талабы.

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – төрт негізгі бағытты біріктіретін заманауи білім беру моделі. Бұл тәсілдің ерекшелігі – оқушы



дайын ақпаратты жаттап қана қоймай, нақты мәселені шешуге, тәжірибе жасауға, жобалар әзірлеуге және өз идеясын қорғауға үйренеді. Осындай сабақтар барысында балалардың шығармашылық қабілеті, сыни ойлауы, топпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады.

Білім басқармасы мамандарының мәліметінше, облыста STEM білім беру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Өңір мектептерінде роботтехника, бағдарламалау, инженерлік модельдеу және ғылыми жобалар кеңінен енгізіліп келеді. Соның нәтижесінде оқушылар республикалық және халықаралық ғылыми жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, жаңа технологияларды меңгеруге ерте жасан бейімделуде. Білім беру инфрақұрылы-

мын жаңғырту – STEM бағытындағы жұмыстың маңызды бөлігі. Соңғы бірнеше жылда облыста жүздеген заманауи пәндік кабинеттер жабдықталып, мектептердің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайтылды. 2023 жылы өңір мектептеріне жаңа модификациядағы 72 кабинет сатып алынды. Оның ішінде 5 физика, 17 химия, 19 биология, 26 STEM және 5 роботтехника кабинеті бар. 2024 жылы тағы 65 кабинет пайдалануға берілді. Олар 15 физика, 10 химия, 15 биология, 15 STEM және 10 роботтехника кабинетін қамтыды. Жаңғырту жұмыстары 2025 жылы да жалғасын тапты. Былтыр облыс мектептеріне тағы 78 жаңа модификацияланған кабинет сатып алынды. Оның ішінде 19 химия, 19 биология, 15 физика,



12 STEM және 13 роботтехника кабинеті бар. Ал, 2026 жылы тағы 13 жаңа кабинет сатып алу жоспарланған. Оның алтауы химия, бесеуі физика және екеуі биология пәніне арналған.

Облыстағы STEM білімінің нәтижесі халықаралық жарыстардағы жетістіктерден де байқалады. Аймақ оқушылары АҚШ-та өткен беделді FIRST Championship роботтехника чемпионатында жүлделі орындарға ие болып, әлемдік деңгейде өз білімдерін дәлелдеді. Олардың айтуынша, мұндай жетістіктерге мектептегі роботтехника кабинеттері мен инженерлік білім беру бағыттарының дамуы үлкен ықпал еткен.

– Мен роботтехникалық жарыстарға 8-сыныптан бастап қатысамын және қазірдің өзінде үлкен табыстарға қол жеткіздім. Қарағандыдағы Roboland байқауына қатысып, Алматыға, Астанаға, америкалық Вустер қаласына бардым. Біз барлық жерде сәтті өнер көрсетіп, маарапаттарға ие болдық. Осының бәрі болашақтағы өмірлік жолымды анықтауға көмектесті. Болашақта IT саласында жұмыс істегім келеді, – дейді халықаралық роботтехника жарыстарының жеңімпазы Ақбар Ермеков.

► 4-бет

• ТАҒАЙЫНДАУ

Балқаштың жаңа әкімі тағайындалды

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Балқаш қалалық мәслихаты депутаттарының келісімімен Балқаш қаласының әкімі болып Саян Мұратұлы тағайындалды. Жаңа қала басшысын қала активіне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев таныстырып, өңірдің алдағы дамуындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді.

Облыс әкімі жаңа әкімнің алдына Балқаш тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, коммуналдық қызметтердің тиімділігін көтеру, қаланы абаттандыру және әлеуметтік маңызы бар жобаларды сапалы жүзеге асыру міндеттерін қойды.

— Сіздің басты міндетіңіз — балқаштықтардың өмір сүру сапасын арттыру, тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту. Сондай-ақ, туризм саласын өркендетуге ерекше назар аудару қажет. Балқаш көлінің бірегей табиғи әлеуетін тиімді пайдаланып, туристік инфрақұрылымды жетілдіру, жағалау аймағын абаттандыру, инвестиция тарту, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және жаңа туристік бағыттарды дамыту маңызды, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Саян Мұратұлы мемлекеттік қызметте 2015 жылдан бері еңбек етіп келеді. Еңбек жолын Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде абаттандыру, автомобиль жолдары, жолаушылар көлігі және коммуналдық шаруашылық секторының бас маманы қызметінен бастаған.



ны қызметінен бастаған.

Кейін Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында сумен жабдықтау және су бұру бөлімінің бас маманы, одан кейін бөлім басшысы болды. 2022-2024 жылдары Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарса, кейін Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары болып еңбек етті. 2025 жылдың тамызынан Балқаш қаласының әкімі болып тағайындалғанға дейін аталған басқарманы басқарды.

Жаңа қызметіне кіріскен Саян Мұратұлы өзіне жүктелген жауапкершіліктің жоғары екенін айтып, қаланы жан-жақты дамытуға күш салатынын жеткізді.

— Маған көрсетілген сенім үшін алғысымды білдіремін. Балқаш — мен үшін бөтен қала емес. Мұнда еңбек еттім, қаланың ерекшелігі мен әлеуетін жақсы білемін. Тұрғындарды толғандыратын өзекті мәселелер де жақсы таныс. Сондықтан, қаланың инженерлік инфрақұрылымын жүйелі дамытып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға және Балқаштың туристік әлеуетін толық ашуға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Балқаш тұрғындар үшін жайлы, қонақтар үшін тартымды әрі инвесторлар үшін қолайлы қалаға айналуы тиіс, — деді жаңа тағайындалған қала әкімі.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Құқықтық мәдениетке оң қадам

Құқықтық тәртіпті нығайту, еңбек ұжымдарында заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу — мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің бірлескен жұмысының басты бағытына айналып келеді. Осы мақсаттағы өзара іс-қимылды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам Теміртау қаласында жасалды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев жұмыс сапарымен «Qatmet» АҚ-да болып, еліміздің ірі өндіріс орындарының бірінің тыныс-тіршілігімен танысты.

Сапар барысында өндірістік үдеріс, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыс-

шыларға жасалған әлеуметтік жағдайлар мен құқықтық тәртіпті сақтау мәселелеріне назар аударылды. Сонымен қатар, облыс прокуроры кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесіп, қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары жөнінде пікір алмасты.

ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

Кездесудің негізгі қорытындысы ретінде Қарағанды облысының прокуратурасы мен «Qatmet» АҚ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжатқа облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев пен «Qatmet» АҚ басқарма төрағасы Вадим Басин қол қойып, тараптар алдағы уақытта өзара байланысты одан әрі нығайтуға ниетті екендерін білдірді.

Меморандум аясында бірлескен ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын тұрақты өткізу, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру, еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, өндірістегі құқықтық мәдениетті нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілмек.

Сонымен бірге, кәсіпкерлерге толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пробациялық бақылауда тұрған азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу, оларды жұмыспен қамтуға ықпал ету, есірткі қылмысының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері де құжаттың маңызды бағытының бірі екені айтылды.

Айта кетерлігі, прокуратура мен ірі өндіріс орны арасындағы өзара іс-қимыл еңбек ұжымында заңдылықты нығайтуға ғана емес, өңірдегі қоғамдық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге де оң ықпал етпек.

Сурет облыстық прокуратура сайтынан

• ӨЗЕКТІ

Есепті қаржы ырысты еселейді

Қарағандыда тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған ауқымды марафон өтеді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының бастамасымен ұйымдастырылатын кездесуде қаржы сарапшысы Дмитрий Казанцев жеке қаражатты тиімді басқару, жинақ қалыптастыру және инвестициялау тәсілдері жөнінде тәжірибелік кеңестерімен бөліседі.

Шараның негізгі мақсаты — тұрғындарға қаржы әлеміндегі күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіріп, күнделікті өмірде дұрыс қаржылық шешім қабылдауға көмектесу.

Бағдарлама барысында қатысушылар қаржылық жоспарлау негіздерімен танысып, күрделі пайыздың тиімділігі, жеке бюджет жүргізу, қаражат жинақтау және ұзақ мерзімді қаржылық мақсаттарға жетудің жолдары туралы ақпарат алды.

Сондай-ақ, депозиттер, облигациялар, акциялар, зейнетақы аннуитеті және индекстелетін өмірді сақтандыру құралдарының ерекшеліктері жан-жақты түсіндіріледі. Сарапшы әр қаржы құралының артықшылықтары мен тәуекелдеріне тоқталып, инвестиция жасауда ескерілетін маңызды жайттарды баяндайды.

Марафон аясында қаржылық қа-

уіпсіздік мәселесіне де ерекше көңіл бөлінеді. Қатысушылар алаяқтық схемаларды тану, сенімді қаржы құралдарын дұрыс таңдау, қарыз жүктемесін тиімді басқару және қаржылық тәуекелдерді азайту жолдары жөнінде пайдалы мәліметтер алады.

Кездесу соңында қатысушыларға қаржылық сауаттылықты одан әрі жетілдіруге арналған кітаптар, фильмдер мен басқа да пайдалы материалдардың тізімі ұсынылады. Сонымен қатар, өткен тақырыптарды бекіту мақсатында интерактивті байқау ұйымдастырылады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кездесулер азаматтардың қаржы мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, жеке қаражатты тиімді басқару дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

Игілікке айналған идея

Саран қаласында жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға бағытталған «Идеядан — шындыққа» жобасы өз тиімділігін дәлелдеп келеді. 2019 жылдан бері қала әкімінің сыйлығы аясында жүзеге асырылып жатқан бастама осы уақыт ішінде 30-дан астам бизнес-жобаның қанат жаюына мүмкіндік берді. Бүгінде олардың басым бөлігі тұрақты жұмыс істеп, өндіріс көлемін ұлғайтып, жаңа жұмыс орындарын ашуда.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба аясында өндіріс, қоғамдық тамақтандыру, қызмет көрсету, спорт, сұлулық индустриясы мен экологиялық кәсіпкерлік бағытындағы тың бастамалар қолдау табуда. Биыл да бірнеше жас кәсіпкер өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Солардың бірі — кәсіпкер Болат Ахметовтің «Чисто Бум» жобасы. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастама жүргізушілерге әйнек жуғыш сұйықтықты тәуліктің кез келген уақытында қажетті мөлшерде автомат арқылы сатып алуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкердің айтуынша, бұл идея автотоларлар саласында жинаған тәжірибесінің нәтижесінде дүниеге келген.

— Жүргізушілердің әйнек жуғыш сұйықтықты үлкен канистрмен сатып алуы әрдайым қолайлы бола бермейтінін байқадым. Сондықтан, заманауи әрі ыңғайлы қызмет ұсынуды жөн көрдім. Қала әкімінің сыйлығы жобаны жүзеге асыруға серпін берді. Бұл — тек қаржылай қолдау емес, өз ісінді дамытуға деген сенімді арттыратын үлкен мүмкіндік, — дейді Болат Ахметов.

Қазіргі таңда автомат тұрғындар арасында сұранысқа ие. Кәсіпкер ал-

дағы уақытта осындай құрылғыларды қаланың өзге аудандарына да орнатуды жоспарлап отыр.

Қолдау тапқан тағы бір жоба — табиғи сүт өнімдерін өндіретін отбасылық экоферма. Бірнеше жыл бұрын үш сиырмен ғана басталған шағын шаруашылық бүгінде тұрақты дамып келе жатқан кәсіпкер айналып.

Грант қаражаты есебінен отбасы қосымша екі сиыр мен сауу аппаратын сатып алып, өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік алды. Бүгінде фермада табиғи сүт, қаймақ, сүзбе және сары май өндірілсе, алдағы уақытта ірімшік пен өзге де сүт өнімдерінің түрлерін шығару жоспарланып отыр.

— Табиғи өнімге деген сұраныс әрдайым жоғары. Мемлекеттік қолдау кәсібімізді кеңейтуге үлкен мүмкіндік берді. Өз ісін бастауды армандап жүрген жастарға мемлекет ұсынып отырған бағдарламаларды тиімді пайдалануға кеңес беремін, — дейді жоба жеңімпазы София Билық.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған жоба жаңа бизнес иелеріне қаржылай демеу көрсетіп қана қоймай, олардың идеяларын нақты іске айналдыруға жол ашып отыр. Соның нәтижесінде Саранда жаңа өндірістер пайда болып, тұрғындарға қажетті қызмет түрлері көбейіп, жаңа жұмыс орындары құрылуда.

САРАН

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қарағанды бренді әлемге жол тартты

Қарағанды облысында өндірілген керамика, киіз бұйымдары, сүт өнімдері мен табиғи тағамдар халықаралық нарыққа шығып, өңірдің жаңа брендтеріне айналып келеді. Бүгінде жергілікті кәсіпкерлердің өнімдері Жапония, АҚШ, Франция, Италия, Түркия, Қытай және Корея елдерінде сатылып, шетелдік тұтынушылардың қызығушылығына ие болды. Мұндай нәтижеге колөнер шеберлері мен шағын кәсіп иелері «Бір ауыл — бір өнім» жобасының арқасында қол жеткізіп отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов баяндады. Оның айтуынша, жоба өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға серпін беріп қана қоймай, жергілікті өнімдерді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік жасаған.

Жобаның жарқын мысалдарының бірі — қарағандылық шебер Гулжан Әбдіқашеваның авторлық керамикалық бұйымдары. Бүгінде оның қолынан шыққан туындылар

Қазақстаннан бөлек Жапония нарығында сатылып, Корея, Түркия және Қытайдағы халықаралық көрмелерде таныстырылған.

Ал колөнер шебері Гулпахат Құттыбаеваның киізден жасалған бұйымдары Түркия, Франция, Италия және АҚШ тұтынушыларына жол тауып үлгерді. Ұлттық нақыштағы өнімдердің шетелдік нарыққа шығуы қазақ колөнерінің әлеуетін көрсетіп қана қоймай, өңір шеберлерінің кәсіби деңгейінің жоғары екенін де дәлелдейді.

Жоба ішкі нарықтағы кәсіпкерлерге де тың мүмкіндіктер ашуда. Кәсіпкер Жанар Батырханова SAU SUPERFOOD брендімен табиғи

әрі пайдалы тағам өнімдерін өндіріп, оларды Қарағанды облысымен қатар Астана қаласына тұрақты жеткізуде.

Өз кезегінде Жанар Қантарбаева ірімшік өндіретін цех ашып, жаңа жұмыс орындарын құрды. Қазіргі таңда оның сүт өнімдері Қарағанды мен елорда дүкендерінің сөрелерінен орын алған.

Ал Дәмелі Ермекова ұлттық колөнерге арналған бұйымдардың жеке брендин қалыптастырып, өнімдерін маркетплейстер, көрмелер және жәрмеңкелер арқылы өткізіп келеді. Бұл өңір кәсіпкерлерінің цифрлық сауда алаңдарын тиімді игеріп жатқанын көрсетеді.

— Жобаның өңірдегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпалы айқын байқалады. Қатысушылар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім сапасы мен қаптамасын жақсартып, жаңа жұмыс орындарын ашып, жаңа нарықтарға шығуда. Сонымен қатар керамика, киіз бен жүннен жасалған

бұйымдар, сүт өнімдері, пайдалы тағамдар және ұлттық колөнер туындылары Қарағанды облысының өңірлік брендтеріне айналып келеді, — деді Ернар Күлпейісов.

Биыл «Бір ауыл — бір өнім» жобасына өңірдің 62 өндірушісі қатысып отыр. Қазір сарапшылар үздік он финалисті іріктеу жұмыстарын жүргізуде. Алдағы уақытта олар өнімдерін сертификаттаудан өткізуге, тауар белгісін тіркеуге, заманауи қаптама әзірлеуге, сауда желілері мен маркетплейстерге шығаруға жан-жақты қолдау алады. Қажет болған жағдайда технологиялық сүйемелдеу де көрсетіледі.

Жоба жергілікті шикізат негізінде дайындалған сапалы өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, Қарағанды облысының экономикалық әлеуетін нығайтуға және өңірлік брендтерді халықаралық деңгейде танытуға жол ашып отыр.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан



Бала болашағы мейіріммен қалыптасады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осындай әр тараптан түскен ақпарат бір арнаға тоғысып, кешенді баға берілгенде ғана балаға шынайы көмек көрсетуге мүмкіндік туады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөздің мәні осындайда айқын сезілсе керек.

Бала құқығын қорғаудың өзегінде оның отбасы тұр. Бұрын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы арнайы мекемеге орналастырып, тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу жеткілікті саналса, бүгінгі көзқарас мүлде басқа. Мемлекеттің міндеті – баланы баспанамен, киіммен және тамақпен қамтамасыз ете отырып, оның толыққанды отбасы ортасында тәрбиеленуіне барынша мүмкіндік жасау.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінде баланы отбасында тәрбиелеудің басымдығы бекітілген. Соған сәйкес, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың бірнеше құқықтық нысаны қарастырылған. Олар – бала асырап алу, қорғаншылық және қамқоршылық, патронаттық тәрбие, қабылдаушы отбасы және кәсіби қабылдаушы отбасы.

Бұл нысандардың әрқайсысының құқықтық тәртібі мен өзіне тән ерекшелігі болғанымен, барлығын біріктіретін ортақ қағида бар. Ол – баланың таңдауын қамтамасыз ету.

Қанша жерден заманға лайық жағдай жасалғанымен, балалар үйі отбасындағы мейірім мен жақын жанның жылуын толық алмастыра алмайды. Балаға қауіпсіз баспана мен материалдық қамтамасыз етуден бөлек, оның қуанышын бөлісетін, қиналғанда сүйеу болатын, бағыт-бағдар беретін адам керек. «Отан – отбасынан басталады» деген канатты сөздің астарында да баланың тұлға болып қалыптасуындағы шаңырақтың өлшеусіз орны жатыр.

– Баланы қандай да бір отбасыға орналастыруға байланысты әр шешімде бір адамның тағдыры тұрғанын ұмытпауымыз керек. Баланың өзін жаңа ортада қаншалықты қауіпсіз сезінетіні, оған тұрақты қамқорлық пен қолдау көрсетіліп, оның пікірі мен қажеттілігі ескерілгені – аса маңызды. Мәселенің шынайы өлшемі осылар. Сондықтан да, баланың отбасында тәрбиелену мүмкіндігін қамтамасыз ету – жұмысымыздың негізгі басымдығы, – дейді басқарма басшысы Баян Нұртаева.

Дерекке сүйенсек, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға берілетін мемлекеттік



– Әр баланың қандай жағдайда дүниеге келгеніне немесе қандай ортада өсіп жатқанына қарамастан, өз қабілетін жүзеге асырып, сапалы білім алып, болашағын сенімді құруға мүмкіндігі болуы керек. Біз баланың бүгінгі мәселесін шешумен шектелмеуіміз қажет. Оның ертен кім болатынына, қоғамнан өз орнын табуына, мамандық менгеріп, дербес өмір сүруіне жағдай жасау – ортақ міндетіміз. Баланы қорғау дегеніміз – оның орнына барлық шешімді қабылдау емес, оны тыңдап, құқығын құрметтеп, аяғынан нық тұруына көмектесу. Бастысы, әр бала өзінің жалғыз емес екенін сезінуі тиіс.

кепілдіктер олардың күнделікті материалдық қажеттіліктерін өтеумен шектелмейді. Заңнамаға сәйкес, мұндай балалардың тұрғын үй және мүліктік құқықтары қорғалады. Олардың сапалы білім алуына, медициналық көмекке қол жеткізуіне, әлеуметтік қолдау көруіне және қоғам өміріне бейімделуіне жағдай жасалады.

Бұл ретте баланың көмелет жасына толғаннан кейінгі өміріне ерекше назар аудару қажет. Өйткені, мекеме қабырғасынан немесе қамқоршы отбасынан шыққан жас үшін дербес өмірдің алғашқы кезеңі оңай бола бермейді. Оның алдында мамандық таңдау, оқу орнына түсу, жұмысқа орналасу, баспана мәселесін шешу, құжаттарын рәсімдеу және өз бюджетін басқару секілді бірқатар күрделі міндет тұрады. Кеше ғана жанында да жауапты мамандар жүретін жас азамат енді өз өміріне өзі шешім қабылдауға тиіс.

Сала мамандары баланың болашақ өмір жолын айқындау мектеп қабырғасынан басталағынын айтады. Кәсіби бағдар беру жұмыстары арқылы оқушыларға еңбек нарығындағы мамандықтар

таныстырылып, колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктері түсіндіріледі. Жастарды жұмыспен қамтуға арналған мемлекеттік қолдау шаралары туралы да ақпарат ұсынылады.

Ал, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін білім алуға, тұрғын үймен қамтамасыз етілуге, жұмысқа орналасуға және әлеуметтік сүйемелдеуге қатысты қосымша кепілдіктер қарастырылған.

Сонымен бірге, білім алу және денсаулықты қорғау – әр балаға Конституциямен берілген негізгі құқықтардың қатарында. Мемлекет балалардың сапалы орта білім алуына, одан әрі кәсіптік немесе жоғары білімге қол жеткізуіне, қабілеті мен дарынын дамытуына қажетті жағдай жасауға міндетті. Бұл мүмкіндіктер баланың тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына немесе денсаулық ерекшелігіне байланысты шектелмеуге тиіс.

Осы орайда инклюзивті білім беруді дамыту да маңызды бағытқа айналғанын атап өткен жөн. Ерекше қажеттіліктері бар бала құр-

кел тобындағы отбасыларды ерте анықтау, ата-аналарға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету, баланың мектепке қатысуы мен денсаулық жағдайын назарда ұстау, отбасындағы дағдарыстың тереңдеуіне жол бермеу қажет. Яғни, балаға шаңырақ шайқалмай тұрып қолдау көрсету маңызды.

Сонымен бірге, отбасының жауапкершілігін де ұмытпау керек. Мемлекет көмек көрсетеді, құқықтық және әлеуметтік тетіктерді ұсынады. Алайда, баланың алғашқы қорғаны – ата-анасы. Баланың жан дүниесіне үңілу, сөзін тыңдау, қауіпсіздігін сақтау, білім алуына жағдай жасау және оның жеке тұлғалық қадір-қасиетін құрметтеу ең алдымен отбасыдан басталады. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген тәмсіл ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың өнегесі мен жауапкершілігін айқын аңғартады.

Конституциялық нормалардың пәрмені де мемлекет, отбасы және қоғам бірлесе әрекет еткенде арта түседі. Мемлекеттік орган құқықтық қорғаныс пен әлеуметтік қолдау көрсетсе, мектеп баланың қабілетін дамытуға, медицина оның денсаулығын сақтауға, қоғам қауіп-қатерді дер кезінде байқауға, ал отбасы мейірім мен тәрбие беруге тиіс. Осылардың бірі әлсіресе, оның салдарын бала сезінеді.

– Әр баланың қандай жағдайда дүниеге келгеніне немесе қандай ортада өсіп жатқанына қарамастан, өз қабілетін жүзеге асырып, сапалы білім алып, болашағын сенімді құруға мүмкіндігі болуы керек. Біз баланың бүгінгі мәселесін шешумен шектелмеуіміз қажет. Оның ертен кім болатынына, қоғамнан өз орнын табуына, мамандық менгеріп, дербес өмір сүруіне жағдай жасау – ортақ міндетіміз. Баланы қорғау дегеніміз – оның орнына барлық шешімді қабылдау емес, оны тыңдап, құқығын құрметтеп, аяғынан нық тұруына көмектесу. Бастысы, әр бала өзінің жалғыз емес екенін сезінуі тиіс, – дейді Баян Сейтбекқызы.

Балаға жасалған қамқорлық – болашаққа салынған ең сенімді инвестиция. Бүгін құқығы қорғалған, пікірі тыңдалған, білім мен тәрбиеге тең мүмкіндік алған бала ертен заңды құрметтейтін, ел алдындағы жауапкершілігін сезінетін азамат болып қалыптасады.

15 наурыздағы жалпыхалықтық референдумда қабылданып, 1 шілдеде күшіне енген жаңа Конституция – осыныша қамқорлықтың басты кепілі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Қоғам үшін қауіпсіз орта керек

Балқаш қаласында Қарағанды облысы прокурату-
рының бірінші орынбасары
Ержан Бердібековтің
төрағалығымен ведомство-
аралық кеңес өтіп, өңір
үшін өзекті бірқатар мәселе
жан-жақты талқыланды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеңеске облыстың полиция департаментінің басшылық құрамы, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік мекемелердің өкілдері қатысты.

Жыныда құқық бұзушылықтардың алдын алу тетіктерін жетілдіру, мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері кеңінен сөз болды. Әсіресе, жаз мезгілінде туристер көп келетін Балқаш өңірінің ерекшелігі ескеріліп, демалыс кезеңінде тұрғындар мен қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық берілді.

Кеңесте интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше назар аударылды. Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты алаяқтықтың жаңа түрлері көбейіп, азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде. Осыған байланысты тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, алдын алу жұмыстарын күшейту және ақпараттық түсіндіру шараларын жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.

Жыны барысында заңсыз есірткі айналымына қарсы күресті күшейту, жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, синтетикалық есірткілердің таралуына жол бермеу және профилактикалық іс-шаралардың ауқымын кеңейту мәселелері көтерілді.


Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жүргізушілердің тәртібін бақылауды күшейту және жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының өңірде орыдалу барысы қаралды.

• ЖОБА

Қолдау қолжетімді бола түсті

Облыста кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсету тәсілі жаңарды. Енді жеңілдетілген несие, субсидия, гранттар мен бизнесті дамыту бағдарламалары жөнінде кеңес алу үшін облыс орталығына келудің қажеті жоқ. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры іске қосқан мобильді фронт-офис аудан-қалаларды аралап, барлық қажетті қызметті кәсіпкерлердің өз өңірінде көрсетеді.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жоба шалғай елдімекендердегі кәсіпкерлердің уақытын үнемдеп, мемлекеттік қолдау тетіктеріне қолжетімділігін арттыруды көздейді. Арнайы жабдықталған мобильді кеңсе арқылы кәсіпкерлер бизнесті қаржыландыру мүмкіндіктері, жеңілдетіл-

ген несиелер, субсидиялау, оқыту бағдарламалары және өзге де қолдау шаралары туралы жан-жақты ақпарат ала алады.

«Даму» қорының Қарағанды облыстық өңірлік филиалының директоры Мұхамед Абдуллиннің айтуынша, жобаның басты мақсаты – кәсіпкерлерге көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру.

– Кәсіпкерлердің облыс орта-



лығына келіп, уақыт пен қаражат жұмсауына қажеттілік азаюы тиіс. Сондықтан, мамандардың өздері өңірлерге барып, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін түсіндіріп, нақты мәселелер бойынша кеңес береді. Бұл – бизнесті дамытуға қызығушылық танытқан азаматтар үшін өте қолайлы формат, – дейді ол.

Мобильді фронт-офис жұмысына «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, Аграрлық несие корпорациясының, «ҚазАгроҚаржы», «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының және екінші деңгейлі банктердің өкілдері де қатысуда. Бұл кәсіпкерлерге бірнеше мекеменің қызметін бір жерде алуға мүмкіндік береді.

Жоба аясындағы алғашқы көшпелі кездесулер Осакаров, Нұра, Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет аудандарында және Саран қаласында ұйымдастырылды. Нәтижесінде 214 кәсіпкер мемлекеттік қолдау құралдары жөнінде кеңес алып, өз жобаларын дамытуға қатысты сұрақтарына жауап алды. Алдағы уақытта мобильді

кеңсе Ақтоғай және Абай аудандарына, сондай-ақ, Балқаш, Приозерск, Теміртау және Шахтинск қалаларына барады.

Кәсіпкерлерге тек қаржыландыру мәселелері бойынша ғана емес, қаржылық жоспарлау, маркетинг, персоналды басқару бағыттарында да тегін оқыту ұсынылады. Сондай-ақ, жергілікті өндірушілерге өнімдерін маркетплейстер арқылы сатуға мүмкіндік беретін жаңа құралдар таныстырылып, цифрлық сауда алаңдарына шығу жолдары түсіндіріледі.

Мемлекеттік қолдаудың тиімділігін нақты мысалдар да көрсетіп отыр. Соның бірі – Ash Textile кәсіпорны. «Өрлеу» бағдарламасы арқылы өндірістік ғимарат сатып алған кәсіпорын шағын тігін шеберханасынан толыққанды өндіріс орнына айналып, жабдықтарын жаңартып, өнім көлемін арттырған.

Мамандардың айтуынша, мобильді фронт-офис жобасы мемлекеттік қолдау шараларын өңір кәсіпкерлеріне бұрынғыдан да жақындатып, жаңа бизнес бастамалардың көбеюіне және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың дамуына серпін береді.

Суреттер облыс
әкімдігінің сайтынан



Кемел жоба, кең көкжиiek

«Мектеп – ұлттың болашағын қалыптастыратын қасиетті шаңырақ. Сондықтан, әрбір баланың сапалы білім алуы үшін мемлекет барлық жағдайды жасауы тиіс». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру мәселесіне арналған әрбір Жолдауында осы ұстанымды басты назарға қояды. Президенттің тапсырмасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы – осы саясаттың нақты көрінісі. Жоба жаңа мектептер салумен ғана шектелмейді. Оның басты мақсаты – балаларға қауіпсіз, жайлы, технологиялық тұрғыдан жабдықталған және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім беру ортасын қалыптастыру.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр. Соңғы жылдары өңірде халық санының өсуі, жаңа тұрғын үй кешендерінің салынуы білім беру инфрақұрылымына түсетін жүктемені арттырды. Бірқатар мектептерде орын тапшылығы байқалып, үш ауысымды оқыту мәселесі күн тәртібінен түспеді. Осындай түйткілдерді жүйелі шешуге бағытталған ұлттық жоба бүгінде алғашқы нәтижесін көрсете бастады.

Облыстық білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімінің бас маманы Мәлдір Жұмаділова ұлттық жоба аясында өңірде 10 мектептің құрылысы жоспарланғанын айтады. Оның сөзінше, қазіргі уақытта 6 мектеп пайдалануға беріліп, білім беру қызметіне лицензия алып, толыққанды жұмыс істеп тұр.

– Бүгінде аталған алты мектепте 5 мың оқушы білім алып жатыр. Қазір тағы төрт мектепті жергілікті атқарушы органдардың теңгеріміне беру жұмыстары жүргізілуде. Олар іске қосылғаннан кейін қосымша 2 100 оқушы орны ашылады. Жалпы ұлттық жоба бойынша Қарағанды облысында 7 100 жаңа оқушы орны құрылады, – дейді маман.

Бұл көрсеткіштер – өңірдегі мектеп тапшылығын жою бағытындағы нақты нәтижелердің бірі. Бұрын жаңа шағын аудандарда тұратын ата-аналардың баласын басқа мектепке тасуына немесе бірнеше ауысыммен оқуға тура келетін жағдайлар кездесетін. Енді жаңа мектептердің ашылуы бұл мәселені кезең-кезеңімен шешіп келеді. Білім басқармасының мәліметінше,

ұлттық жоба аясында ең алдымен мектептердің шамадан тыс жүктемесін азайту көзделген. Нәтижесінде Қарағанды қаласында оқушы орнының тапшылығы 4 577 орыннан 1 844 орынға дейін қысқарып, көрсеткіш 1,8 есеге төмендеген. Ал, Балқаш қаласында үш ауысымды оқыту мәселесі толық шешімін тапқан.

– «Келешек мектептері» халықаралық талаптарға сай жобаланады. Әр мектепте заманауи пәндік кабинеттер, зертханалар, кітапханалар, роботтехника және STEM кабинеттері, спорт және шығармашылық залдары қарастырылған. Бұл – балалардың сапалы білім алып қана қоймай, өз қабілеттерін жан-жақты дамытуына мүмкіндік береді, – дейді ол.

Шынында да, бүгінгі мектеп бұрынғыдай тек сабақ өтетін орын ғана емес. Ол – ғылым, шығармашылық, цифрлық технология және тұлғалық дамуды тоғыстыратын кеңістік. Сондықтан, жаңа мектептердің сәулеті де, ішкі жабдықтауы да оқушының қызығушылығын арт-

“ **«Келешек мектептері» халықаралық талаптарға сай жобаланады. Әр мектепте заманауи пәндік кабинеттер, зертханалар, кітапханалар, роботтехника және STEM кабинеттері, спорт және шығармашылық залдары қарастырылған. Бұл – балалардың сапалы білім алып қана қоймай, өз қабілеттерін жан-жақты дамытуына мүмкіндік береді.**

тыруға бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Барлық бала қай жерде тұрса да, сапалы білім алуға бірдей мүмкіндікке ие болуы тиіс», – деген болатын.

Осы ұстанымға сәйкес ұлттық жоба ауылдық елдімекендерде де қамтып отыр. Бүгінде Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында



және Сәкен Сейфуллин кентінде жаңа мектептер пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Бұқар жырау ауданындағы Үштөбе, Доскей ауылдары мен Ғабиден Мұстафин кентінде жаңа білім ошақтарын пайдалануға беру жұмыстары жүргізілуде.

Бұл ауыл мен қала арасындағы білім беру инфрақұрылымындағы айырмашылықты азайтуға мүмкіндік береді. Ауыл балалары да заманауи мектепте білім алып, сапалы білімге тең қолжетімділікке ие болады. Ұлт-



бөлмелері қарастырылған. Бұл – ерекше қажеттілігі бар балалардың кедергісіз білім алуына мүмкіндік береді. Жобаны жүзеге асыру үшін өңірде 4,9 миллиард теңге бөлінген. Бұл қаражат оқу кабинеттерін заманауи құралдармен жабдықтауға, цифрлық технологияларды енгізуге, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Педагог кадрларын жасақтау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Бүгінде пайдалануға берілген алты мектепте 474 мұғалім еңбек етеді. Мамандар қолданыстағы заңнамаға сәйкес конкур-

арқылы қабылданады. Сонымен бірге, жаңа мектептердің жұмысын үздіксіз ұйымдастыру мақсатында педагогтердің басым бөлігі бұрынғы білім беру ұйымдарынан толық құрамда ауыстырылған. Алдағы оқу жылында өңірде ұлттық жоба аясында тағы төрт жаңа мектептің есігі айқара ашылады. Оның ішінде, Қарағанды қаласының «Жаңа аудан» шағын ауданындағы 1 200 орындық мектеп пен Бұқар жырау ауданындағы Үштөбе, Доскей ауылдары және Ғабиден Мұстафин кентіндегі 300 орындық үш мектеп бар. Бұл тағы 2 100 баланың заманауи білім ордасында білім алуына мүмкіндік береді.



– «Келешек мектебінің» басты артықшылығы – заманауи білім беру ортасы мен оқушыға бағытталған оқыту жүйесі. Мұнда әр баланың шығармашылық қабілетін ашуға, сыни ойлауын дамытуға және сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Ағылшын тілін оқытуда да жаңа мектептің мүмкіндіктері айқын сезіледі. Интерактивті тақталар, цифрлық платформалар және заманауи жабдықталған кабинеттер сабақтарды қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы артып, сөйлеу, тыңдау және коммуникативтік дағдылары қарқынды дамып келеді. Оқушылардың білімге деген ынтасының артқанын күнделікті сабақ барысында байқап жүрмін. Олар жаңа білімді игеруге белсенді қатысып, ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасауға талпынады. Жобалық жұмыстар мен заманауи оқыту тәсілдері олардың өзіне деген сенімін нығайтып, білімге деген құштарлығын арттыра түсуде, – дейді №19 мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Аружан Мақан.

Жалпы соңғы үш жылда Қарағанды облысында 13 жаңа мектеп пайдалануға берілсе, оның 10-ы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған. Бұл өңірдің білім беру инфрақұрылымын жаңғыртудағы ең ірі жобалардың бірі саналады.

Сондықтан, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы – тек бүгінгі оқушылар үшін емес, тұтас қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді бастама. Қарағанды облысында бой көтеріп жатқан жаңа мектептер – осы максаттың нақты көрінісі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Келешек STEM-нен басталады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауы да маңызды рөл атқаруда. Қордың қатысуымен Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран қалалары, сондай-ақ Абай және Қарқаралы аудандарының 86 мектебі химия, физика және биология пәндері бойынша 253 заманауи кабинетпен жабдықталды. Бұл зертханалар халықаралық стандарттарға сәйкес құралдармен қамтамасыз етіліп, тәжірибелік сабақтардың сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Ауыл мектептерін жаңғыртуға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Өйткені сапалы білім беру қаламен ғана шектелмеуі тиіс. 2023 жылы ауылдық мектептерге 56 жаңа кабинет жеткізілді. Оның ішінде 4 физика, 16 химия, 17 биология, 14 STEM және 5 роботтехника кабинеті бар. 2024 жылы ауылдық білім беру ұйымдарына тағы 47 кабинет сатып алынды. Ал, 2025 жылы ауыл мектептері 40 жаңа кабинетпен толықтырылды. Оның құрамына 10 химия, 10 биология, 8 физика, 7 STEM және 5 роботтехника кабинеті кірді.

Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Абай және Қарқаралы аудандарындағы 23 ауыл мектебіне химия, физика және биология пәндері бойынша 67 жаңа кабинет орнатылды. Ал, 2026 жылы ауыл мектептері үшін де химия, физика және биология бағытындағы тағы 13 жаңа кабинет сатып алу жоспарланып отыр. Бұл ауыл оқушыларының да заманауи зертханаларда білім алып, қала мектептеріндегі құрдастарымен тең мүмкіндікке ие болуына жағдай жасайды.



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

– STEM бағыты мектептерде ғана емес, жоғары оқу орындарында да қарқын алып келеді. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті халықаралық әріптестікті кеңейте отырып, Қазақстан мен Германия университеттерін біріктіретін Silk Road STEM Corridor бастамасына қосылуы жоспарлап отыр. Жоба студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамытуға, бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға және STEM саласындағы халықаралық ғылыми жобаларды іске асыруға бағытталған. Бұл бастама инженерлік және техникалық мамандарды даярлау сапасын арттырып, оқу орнының халықаралық білім беру кеңістігіндегі әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді. STEM білім беру жүйесі мектеп қабыр-

ғасынан басталып, жоғары оқу орындарында халықаралық деңгейде жалғасып келеді. Заманауи пәндік кабинеттердің ашылуы, инженерлік бағыттағы білім беру бағдарламаларының дамуы және шетелдік университеттермен әріптестіктің нығаюы өңірде бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға жаңа серпін беруде, – деді Қарағанды техникалық университеті басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Тимур Қанапиянов.

Қазіргі таңда Қарағанды облысының оқушылары роботтехника, бағдарламалау, инженерлік жобалау және ғылыми-зерттеу бағытындағы түрлі байқауларға белсенді қатысып, өңірдің білім беру әлеуетін республикалық деңгейде танытып келеді. Прези-

дент Қасым-Жомарт Тоқаев білім мен ғылымды дамыту – еліміздің тұрақты экономикалық өсімінің негізгі кепілі екенін бірнеше мәрте атап өтті. Сондықтан, мектептерді жаңғырту, зертханаларды жабдықтау және STEM білімін кеңінен енгізу – бүгінгі оқушының ертеңгі жоғары білікті маман болып қалыптасуына жасалған маңызды қадам.

Қарағанды облысында жүзеге асырылып жатқан бұл жұмыстар білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеріп қана қоймай, өңірдің ғылыми-технологиялық әлеуетін нығайтуға, инновациялық экономиканы дамытуға және бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге берік негіз қалайды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жаңа оқу жылына – жайлы мектептер

Облыста мектептерді жаңарту және жаңа білім беру нысандарын пайдалануға беру бағытындағы жұмыстар қарқын алды. Биыл өңірдегі 18 мектепте күрделі жөндеу жүргізілсе, тағы 124 білім беру ұйымында ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынған. Барлық нысандарды 1 қыркүйекке дейін толық дайындау көзделіп отыр.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

мектептердің үлесі 91 пайызға жетті.

Күрделі жөндеу барысында мектеп ғимараттарының шатырлары ауыстырылып, терезелері жаңартылады. Сондай-ақ, жылу және желдету жүйелері, инженерлік желілер қайта жаңғыртылып, спорт залдары мен асханалар жөнделеді. Білім беру ұйымдарының аулаларын абаттандыру жұмыстары да қатар жүргізілуде. Әр мектептегі жөндеу көлемі ғимараттың техникалық жағдайына қарай айқындалған.

Оқушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру да назардан тыс қалған жоқ. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың кедергісіз қозғалуына жағдай жасау мақсатында пандустар орнатылып, есік ойықтары кеңейтілді. Сонымен бірге, санитарлық тораптар бейімделіп, тактильді бағыттаушы жолақтар төселеді. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен жаңартылып келеді. Өткен оқу жылында өңір мектептеріне химия, биология, физика, STEM және роботтехника бағыттары бойынша 78 жаңа пәндік кабинет орнатылды. Соның нәтижесінде заманауи кабинеттермен жабдықталған

суда. Қарағанды қаласының Федоровка шағын ауданында апаратын жағдайдағы №44 мектептің орнына 300 орындық жаңа мектеп салынып жатыр. Ал, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Қарағанды қаласындағы «Жаңа аудан» («Таутұл») шағын ауданында, Бұқар жырау ауданындағы Доскей ауылында, Нұра станциясында және Үштөбе ауылында бой көтерген төрт мектептің құрылысы аяқталу сатысында.

Жалпы саны 2 400 оқушыға арналған жаңа білім беру ұйымдарының іске қосылуы өңірдегі мектептерге түсетін жүктемені азайтып, оқушылардың заманауи инфрақұрылымы бар, жайлы әрі қауіпсіз ортада білім алуына мүмкіндік бермек.

Жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімінде аяқталуы тұрақты бақылауда. Мамандар өңірдегі құрылыс жұмыстарының барысын қадағалап, мердігер ұйымдардың бекітілген кестеден ауытқымауын назарда ұстап отыр. Бұл жаңа оқу жылы басталғанға дейін барлық білім беру ұйымдарының оқушыларды қабылдауға толық дайын болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жеңіл табыстың жазасы ауыр



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!



ӘЛЕУМЕТ

«Адасқанның айыбы жоқ...»

Адамның бір сәттік жаңылысы оның бүкіл тағдырына таңба болып қалмауы тиіс. Қиын кезеңнен кейін қалыпты өмірге қайта оралып, қоғамнан өз орнын табу үшін сенім мен бағыт-бағдар қажет. Осы мақсатта өңірде пробация қызметінің есебінде тұрған 35 жасқа дейінгі жастарға арналған әлеуметтік-психологиялық тренинг өтті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара «Restart» әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылды. Тренинг барысында күрделі өмірлік жағдайларды байыппен бағамдап, айналадағы адамдармен жанжалсыз қарым-қатынас орнату жолдары қарастырылды. Тренингке қатысушылар кәсіби мамандармен еркін пікірлесіп, өздерін толандырған мәселелерін ортаға салды. Жоба менеджері әрі ұйымдастырушы Айым Мұхиденқызының айтуынша, «Restart» жобасы бүгінде Қарағанды облысынан бөлек Ақмола облысы мен Астана қаласында жүзеге асырылып келеді.

Жобаның негізгі мақсаты – қиын жағдайға тап болған жастарды қалыпты өмірге бейімдеп, қоғамнан өз орнын табуына қолдау көрсету. Бүгінгі жиынға бас-аяғы 35 адам келіп, қатысты. Әрқайсысының өмірлік жағдайы мен алға қойған мақсаты әртүрлі. Сондықтан, оларға ортақ кеңес берумен шектелмей, қажеттілігіне қарай жеке бағыт-бағдар көрсетуге тырысамыз. Көп жағдайда азаматтар бостандыққа шыққаннан кейін жұмыс таба алмай, неден бастарын білмей қалады. Біз бос жұмыс орындарын іздеуге, түйіндеме әзірлеуге және жұмыс берушімен дұрыс байланыс орнатуға көмектесеміз. Осындай қолдаудың нәтижесінде олар өз күшіне сеніп, қоғамның толыққанды мүшесі бола алады деп сенеміз, – деді ол.

Жобаның ауқымы психологиялық қолдаумен ғана шектелмейді. Оның негізгі бағыттарына құқықтық көмек, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, әлеуметтік бейімдеу, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасты қалпына келтіру және қайталама құқық бұзушылықтың алдын алу кіреді. Сондай-ақ, жастардың білім алуына, кәсіби машығын жетілдіруіне, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуына жағдай жасау көзделген.

Әр адам қоғамнан өз орнын табуға лайық. Бір рет жаңылдым деп өмірден түңіліп кетуге болмайды. Психологияда адамның өз өмірінің мәнін қайта айқындап, жаңа мақсат қалыптастыруына көмектесетін түрлі тәсіл бар. Кейде аздаған қобалжу адамды әрекетке итермелеп, ойын жинақтауға ықпал етеді. Ал, ұзаққа созылған ауыр күйзеліс адамның еңсесін түсіріп, тұйықталуына, тіпті, депрессиялық жағдайға әкелуі мүмкін. Сондықтан, адам өзінің ішкі күйіне мән беріп, психологиялық және физиологиялық өзгерістерді дер кезінде байқауы керек. Қандай жағдай болса да, мәселені байыппен қабылдап, қажет кезде маман көмегіне жүгінумен тартынбаған жөн, – деді тренинг спикері, психотерапевт-дәрігер Батыржан Қуанұлы.

Шара барысында қатысушылар да өз тәжірибелерімен бөлісті. Олардың айтуынша, қалыпты өмірге қайта оралудың алғашқы кезеңі – ең күрделі уақыт. Бұрынғы әлеуметтік байланыстар үзіліп, жұмыс пен баспана мәселесі қатар туындағанда, азамат жалғыз қалғандай күй кешуі мүмкін. Осындай сәтте нақты кеңес пен адамдық қолдаудың маңызы арта түседі.

Шынын айтқанда, бастапқыда абырпап, неден бастарымызды білмей қаламыз. Бұрын араласқан адамдармен байланыс үзіліп, бәрін қайта құруға тура келеді. Жұмысқа орналасу, құжаттарды реттеу және айналадағы адамдармен қайта қарым-қатынас орнату да оңай емес. Сондай сәтте осындай жобалардың көмегі тиеді. Мұнда бізге тек кеңес беріп қана қоймай, өз күшімізге қайта сенуге мүмкіндік жасап отыр, – деді тренингке қатысушы Юрий Максименко.

Қатысушылар арт-терапияға негізделген практикалық сабақтарға да қатысты. Шығармашылық жаттығулар адамның ішкі күйін еркін жеткізуге, жиналған пирығуды азайтуға және ойын жинақтауға бағытталды.

«Restart» атауының өзі жаңа бастау деген ұғымды білдіреді. Жобаның түпкі мақсаты да сол – қиын жағдайдан өткен адамға кешегісіне байланып қалмай, келешегіне сеніммен қарауға көмектесу. Өйткені, қоғамға қайта бейімделудің берік негізі бақылау мен талаптан ғана емес, дер кезінде көрсетілген қолдау мен адамның өзгеруіне берілген мүмкіндіктен қаланады.



Сурет: JKI



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі ахуал

Ең қауіптісі – есірткі бизнесі түрленіп қана қойған жоқ, жасырын жүйеге айналды. Бұрын есірткі саудасы көзге көрінетін қылмыстық орта арқылы тараса, қазір оның ізі білінбейді. Қылмыскер мен тұтынушы жүзбе-жүз кездеспеуі мүмкін. Тапсырма телефон арқылы беріледі. Төлем онлайн жасалады. Есірткі жасырын орынға қалдырылады. Ал, сол тізбектің бір жерінде «жеңіл ақша тапсам» деген өрімдей жастың тағдыры тұрады.

Әлемінің полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының дерегінше, 2024 жылдан 2026 жылдың алғашқы алты айына дейін өңірде есірткіге байланысты 696 құқық бұзушылық тіркелген. Осы аралықта заңсыз айналымнан 2 тонна 76 кг 799 грамм келі есірткі және 5 тоннадан астам прекурсор тәркіленген.

– 2024 жылы облыста есірткімен байланысты 377 факт тіркелген. Оның ішінде есірткіні өткізу, сату фактілері – 107, аса ірі мөлшерде сақтау – 28, заңсыз жарнама – 48, есірткі өсіру – 4 дерек болған. Сол жылы заңсыз айналымнан 708 кг 455 грамм есірткі алынған. Оның ішінде 26 кг 704 грамм синтетикалық есірткі, 486 кг 476 грамм марихуана, 112 кг 386 грамм гашиш, 59 кг 258 грамм сора, 7 кг 881 грамм апиын және өзге де есірткі түрлері бар. Сонымен қатар, бір ірі есірткі зертханасы жойылған. Былтыр тіркелген факт

сының тек дайын өнімді тасымалдаумен шектелмейтінін, оны өндіру арналарына да соққы беріліп жатқанын көрсетеді.

Есірткі қылмысының тағы бір қауіпті қыры – жасырын зертханалар. Мұндай орындарда синтетикалық заттар дайындалып, кейін түрлі арна арқылы таратылады. Яғни, қауіп сырттан келетін есірткімен ғана шектелмейді. Өңірдің өзінде бірнеше өндіріс ошақтары анықталды.

2024 жылы Қарағанды облысында бір ірі есірткі зертханасы жойылды. Былтыр 5 ірі есірткі зертханасы жойылып, 4 фитозертхана анықталды. Биылғы жылдың алғашқы алты айында тағы 2 ірі есірткі зертханасы мен 2 фитозертхана әшкереленді. Осы деректер есірткі нарығының астыртын өндіріс, өсіру, сақтау, өткізу, жарнамалау және қаржы айналымынан тұратын көпқабатты жүйеге айналғанын аңғартады.

Фитозертхана дегеніміз – есірткі өсімдіктерін арнайы жағдайда өсіруге бейімделген жасырын орын. Ал, синтетикалық есірткі зертханалары химиялық қоспалар арқылы психотроптық заттарды дайындауға бағытталады. Екеуінің де қоғамға

Есірткімен күрес тек полицияның міндеті емес. Полиция қылмысты анықтайды, есірткіні тәркілейді, күдіктіні ұстайды, заң алдында жауапқа тартады. Әйткенмен, есірткіге қарсы қоғамның ішкі иммунитетін қалыптастыру – бәрімізге ортақ жауапкершілік.

көбіне банк карталары, шетелдік шоттар, криптовалюта әмияндары арқылы айналады. Қылмыскер үшін бұл – із жасырудың жолы.

Былтыр Anti-Fraud жүйесін қолдану арқылы жалпы сомасы 70 млн 863 мың теңгеге байланысты 833 банк және 1105 карта бұғатталған. Прокуратурамен келісілген сұранымдар негізінде 1105 қазақстандық банк шоты және 4231 шетелдік карта бұғатталды. Сонымен қатар, Telegram мессенджері арқылы заңсыз айналымда пайдаланылған 15 539 криптовалюта әмияны анықталған.

Ал, биылғы алғашқы жартыжылдықта бұл бағыттағы жұмыс жүйелі. Anti-Fraud арқылы 211 қазақстандық карта, 573 шетелдік карта тоқтатылған. 1 млн 157 мың теңгеден астам қаражат аударымы тоқтатылды. Бұдан бөлек 3354 криптоәмиян анықталды.

Мұның онлайн алақтықпен ұқсас тұсы көп. Екі жағдайда да қылмыскер интернетті, жалған аккаунтты, банк картасын, шетелдік арнаны пайдаланады. Айырмасы – бірінде адамның ақшасы ұрланса, екіншісінде адамның тағдыры мен денсаулығы қатерге тігіледі.

Салдармен емес, себеппен күрес

Есірткі қылмысының ең ауыр тұсы – оған жастардың тартылуы. Әлеуметтік желі мен мессенджерде «жеңіл жұмыс», «күндік табыс», «курьер керек», «тәжірибе қажет емес» деген хабарландырулар жиі кездеседі. Бір қарағанда, бұл қарапайым табыс көзі сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ, кейбіріннің ар жағында есірткі тарату, жасырын орынға түйіншек қалдыру, куратордың тапсырмасын орындау сияқты ауыр қылмыс тұрады.

Мысал ретінде алсақ, күні кеше ғана өңірде есірткі қылмысына қатысы бар 18 жастағы жасөспірім 4 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Ұсталған сәтте одан 8,3 грамм синтетикалық есірткі салынған 23 орама тәркіленген. Телефонның тексеру барысында белгісіз «куратормен» хат алмасуы анықталған.

Тағы бір жағдайда облыста көмелетке толмаған жасөспірім синтетикалық есірткіні жасырып кетуге арналған орындарды дайындау кезінде ұсталған. Оның жанынан 40 түйіншек тәркіленіп, сараптама жалпы салмақты 17,576 грамм деп көрсеткен. Сот оны 4 жыл 6 айға бас бостандығынан айырды.

Балқашта тіркелген дерек те есірткі тарату жүйесінің қаншалықты қауіпті екенін аңғартады. Жедел іс-шара кезінде Теміртаудың 23 жастағы тұрғыны ұсталып, одан және жасырын орындардан жалпы 287 орама тәркіленген. Сараптама оның 300 грамнан астам мефедрон екенін анықтады. Күдіктінің телефондарындағы хат алмасудан «куратордың» тікелей тапсырмалары табылған.

Осы оқиғалардың бәрін бір желі біріктіреді: жас адам, телефон, жасырын орын және сот үкімі. Мұнда «жеңіл жұмыс» жоқ. Мұнда жеңіл ақша да жоқ. Мұнда бір қате қадамның артында жылдар бойы өтелетін жаза, ата-ананың көз жасы, үзілген оқу, күйреген келешек бар.

саны 203 болғанымен, тәркіленген есірткі көлемі 1 тонна 38 кг 400 грамға жеткен. Бұған қоса 1 тонна 653 кг прекурсор алынған. Осы жылы есірткі зертханаларына қатысты 4 дерек, есірткі өткізу бойынша 79 факт, ірі көлемде сақтау бойынша 9 дерек, заңсыз жарнама бойынша 14 факт тіркелген. Сондай-ақ, 5 ірі есірткі зертханасы жойылып, 4 фитозертхана анықталған. Ал, биылдың алғашқы алты айында 116 факт тіркелді. Осы кезеңде 329 кг 944,9 грамм есірткі тәркіленген. Оның ішінде синтетикалық есірткі – 320 кг 504 грамм. Бұдан бөлек, 4 тонна 115,9 кг прекурсор алынған. Жылдың алғашқы жартысының өзінде 2 ірі есірткі зертханасы жойылып, 2 фитозертхана анықталды, – деді облыстың полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Қайыржан Тоқубаев.

Зертханадан тараған қауіп

Кейінгі жылдардағы ең алаңдатарлық үрдістің бірі – синтетикалық есірткінің күрт көбеюі. Дәстүрлі есірткі түрлері бұрыннан белгілі болса, синтетикалық заттар жаңа қауіп ретінде алға шықты. Олар зертханалық жолмен дайындалады, тез таралады және адам азғасы мен психикасына ауыр соққы береді.

Департамент дерегіне сүйенсек, 2024 жылы облыста заңсыз айналымнан 26 кг 704 грамм синтетикалық есірткі алынған. 2025 жылы бұл көрсеткіш 595 кг 251 грамға жеткен. Ал, биылдың алғашқы алты айының өзінде 320 кг 504 грамм синтетика тәркіленді.

Прекурсорлар – есірткі немесе психотроптық заттарды дайындауға пайдаланылуы мүмкін химиялық қоспалар. Соңғы екі жарым жылда өңірде 5 тоннадан астам прекурсордың тәркіленуі есірткі қылмы-

санын зор. Бірі есірткі шикізатын өсірсе, екіншісі дайын қауіпті затты өндіреді.

Көше емес, Telegram

Есірткі саудасының қазіргі ең қауіпті өзгерісі – оның интернетке көшуі. Бұрын мұндай қылмыс көбіне көзге көрінетін байланыс, таныс орта немесе нақты кездесу арқылы жүрсе, қазір есірткі айналымының едәуір бөлігі мессенджерлер, жабық арналар, боттар, жалған аккаунттар арқылы ұйымдастырылады. Қылмыс көшеден кетпегенімен, оның басқару тетігі телефонға көшті.

– Есірткіні өткізуге қатысушылар байланысыз жұмыс істейді. Барлық байланыс көбіне боттардың көмегімен жүргізіледі. Осыған байланысты есірткі сайттарын, арналар мен аккаунттарды мониторингтеу, анықтау және жедел оқшаулау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Дерек те соны айғақтайды. 2024 жылы есірткі айналымына қатысты 271 ақпараттандыру нысаны, яғни чаттар, арналар мен сайттар анықталып, бұғатталған. Электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы есірткі өткізудің 83 фактісі тіркелген. Оның 39-ы айыптау актісімен сотқа жіберілген. Былтыр «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесіне есірткі және психотроптық заттарды таратуға байланысты тыйым салынған контенті бар 1095 интернет-ресурс енгізілген. Оның ішінде 91 сайт i-MAP жүйесі арқылы анықталып, әрі қарай жұмыс істеу үшін «Киберқадағалауға» жолданған. Ал, биылғы жылдың алғашқы алты айында есірткі заттарын өткізуге және насихаттауға қатысы бар 535 сайт пен аккаунт осы базаға енгізілген, – деді Қайыржан Тоқубаев.

Есірткі қылмысының цифрлануы тек жарнама мен байланыс арналарынан ғана көрінбейді. Оның қаржы жүйесі де өзгерген. Ақша қолма-қол берілмейді,

• АГРОКЕШЕН

Шегірткеге қарсы дер кезінде жүргізілген шара — өнімді сақтаудың кепілі

Фитосанитариялық қауіпсіздік — ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы мен азықтүлік қауіпсіздігінің маңызды негіздерінің бірі. Егіс алқаптарын зиянкестерден, өсімдік аурулары мен карантиндік объектілерден қорғау мол әрі сапалы өнім алуға, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің шығынын азайтуға және еліміздің экспорттық әлеуетін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, фитосанитариялық мониторинг жүргізу, зиянды организмдердің таралуының алдын алу және олармен уақтылы күресу шаралары Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудағы басым бағыттардың бірі болып қала береді. Осы бағытта Қарағанды облысында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүйелі әрі кешенді жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Біздің өңірде аталған саладағы жұмыстарды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы жүзеге асырады. Мемлекеттік мекеменің басшысы Жасулан Ешмуханов инспекцияның басты міндеті өңіріміздегі фитосанитариялық ахуалды бақылауда ұстап, ауыл шаруашылығы дақылдары мен өсімдік өнімдерін аса қауіпті зиянкестерден, түрлі аурулардан және карантиндік объектілерден қорғауына байланысты екенін атап өтті.

— Аграрлық саланың даму деңгейі қашан да еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын фактор, — дейді Жасулан Ерболатұлы. — Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігін, бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелердің бар екендігін атап айтқан болатын. Сол мәселелердің бірі — ауыл шаруашылығы дақылдарын, егістік және жайылымдық алқаптарды, төрт-түліктің қорегі жем-шөп алқаптарын зиянкестерден қорғау мәселесі.



Бас инспектор облыстағы фитосанитариялық ахуалға жеке тоқталып, айтылған саланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында мемлекеттік орган қандай жұмыстар атқарып келетінін толыққанды айтып берді. Оның айтуынша, жалпы республика аумағында азықтүлік қауіпсіздігін және қалыпты фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі екендігі баршаға аян.

— Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыс аумағын зиянкестер, арашөпөттер және өсімдік ауруларынан қорғау, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау жасау шараларын облыстық аумақтық инспекция және оның аумақтық бөлімшелері атқарады, — деп бөлісті инспекция басшысы. — Бұл жерде «аса қауіпті» деп отырғанымыз оқтын-оқтын жап-

пай көбеюге және таралуға бейім, экономикалық, экологиялық залал келтіретін зиянды организмдер.

Уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес бұл организмдердің қатарына жататындар:

- үйірлі шегіртке тектестер (азиялық, марокколық және итальяндық прус);
- зиянды бақашық;
- астықтың сұр көбелегі;
- гессен шыбыны;
- астық қоңыздары;
- мақта көбелегі;
- өрмекші кене;
- саршұнақтар;
- тышқан тәрізді кеміргіштер;
- колорадо қоңызы;
- қырыққабат күйесі;
- шалғын көбелегі;
- дәнді дақылдардың аурулары (тағ ауруы, септориоз).

— Облыста фитосанитариялық бақылау және жоғарыда аталған ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестеріне және ауруларына қарсы күрес шаралары тұрақты негізде жүргізіледі, — деп мәлімдеді Жасулан Ешмуханов. — Фитосанитариялық қалыпты ахуалды қалыптастыруда инспекциямен қа-



аумағында үйірлі шегірткелердің итальяндық прус атты түрі кең таралған. Олардың дәнді дақылдарды, көкөністер мен бау-бақшаларды, жайылымдықтар мен шабындықтарды отап, айтарлықтай зиян келтіретіндігі баршаға белгілі. Шегіртке зиянкестері күн ысыған сайын өсімдіктерден мол ылғал алу үшін онымен көп қоректенеді. Шегірткелердің тіршілік циклі үш кезеңнен тұрады: жұмыртқа, дернәсіл және ересек. Жылына бір рет ұрпақ береді. Эмбрионалды даму аяқталғаннан кейін дернәсілдер алдымен жеке, содан кейін жаппай жер бетіне шығады. Дәл осы сәтте, яғни дернәсілдердің жер бетіне жаппай шығуы кезінде оларға қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Одан үлкен жастағы шегірткелер инсектицидтердің әсеріне төзімді болып келеді, сондықтан, олармен күресу кезінде инсектицидтердің шығымын да көбірек қолдану қажет болады. Сондай-ақ, әрбір келесі жаста олардың алып жатқан аумағы бірнеше есе ұлғаяды.

Жасулан Ешмуханов атап өткендей, шегіртке дернәсілдеріне уақтылы өңдеу жұмыстары жүргізілмесе, қатты ыстықты және құрғақшылық жылдары олардың алып жатқан аумағы бірнеше есеге ұлғаю қаупі бар. Шамадан тыс көбейген жағдайда егістіктер мен жайылымдарға, жер бетіндегі биомасса бөліктеріне зиян келтіреді. Биыл итальяндық прус дернәсілдерінің жер бетіне алғашқы шығуы 2026 жылдың 12 мамырында Шет ауданының Бұрма ауылдық округінде тіркелді.

— Аса қауіпті зиянды организмдер бойынша белгіленген фитосанитариялық нормативтерге сәйкес, химиялық өңдеуге жататын алаң зиян тигізудің экономикалық шегі мәндері арқылы айқындалады, яғни, үйірлі шегіртке өкілі итальяндық прус үшін бір шаршы метрге үш және одан көп дернәсілдің таралуы фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге себеп болады, — деп жалғастырды сөзін мекеме басшысы. — Қарағанды облысында ауыл шаруашылығы алқаптарын зиянкестерден қорғау бағытындағы фитосанитарлық іс-шаралар биыл да жүйелі түрде жүзеге асырылды. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Қарағанды облыстық филиалының мәліметінше, 2026 жылы итальяндық прус шегірткесіне қарсы облыс көлемінде 80 100 гектар аумақта химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 11 700 гектарға немесе 14%-ға артық.

Жалпы жоспарға сәйкес, химиялық өңдеу жұмыстары әртүрлі әдістерді қолдану арқылы жүргізілді. Оның ішінде, 22 182 гектар жерүсті желдеткіш бүріккіштермен, 23 935 гектар аэрозольдік генераторлармен және 33 983 гектар аса жеңіл авиацияның көмегімен өңделді.

— Республикалық бюджет қаражаты есебінен химиялық өңдеу жұмыстары облыстың жеті ауданын қамтыды, — деп ерекше көңіл аударды шенеунік. — Атап айтқанда, Абай ауданында — 670 гектар, Ақтоғай ауданында — 14 400 гектар, Бұқар жырау ауданында — 7 500 гектар, Қарқаралы ауданында — 26 200 гектар, Нұра ауданында — 9 130 гектар және Шет ауданында 22 200 гектар аумақта итальяндық пруска қарсы өңдеу жүргізілді. Жоғарыда аталған жұмыстарға арнайы техника тартылды. 14 жерүсті бүріккіш техникасы арқылы — 22 182 гектар, екі аса жеңіл әуе кемесі арқылы 33 983 гектар өңделген. Сонымен қатар, екі аэрозольдік генераторлары арқылы 23 935 гектар алқапта химиялық өңдеу жүргізілді.

Бұл ретте өңдеу жұмыстарының сапасын бақылауға 48 маман тартылған. Жалпы фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге 178 қызметкер мен 114 бірлік автокөлік техникасы жұмылдырылды.

— Өңдеу барысында Гунсяо 10%, Тиа-метрин, Пиларкинг 20% және Фипрон препараттары қолданылды, — деп нақтылады халық қызметшісі. — Жалпы көлемі 5943,8 литр пестицид жұмсалып, жүргізілген химиялық өңдеудің биологиялық тиімділігі 95%-



ды құрады. Итальяндық прус шегірткесіне қарсы жүргізілген бұл іс-шаралар ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғауға, зиянкестердің жаппай таралуының алдын алуға және егін өнімділігін сақтауға бағытталды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде өңдеу шаралары жоспарланған көлемде орындалып, жоғары биологиялық тиімділікке қол жеткізілді. Шегіртке зиянкестеріне қарсы жыл сайын ауқымды химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілгенімен, олардың популяциясын толық жою мүмкін емес. Негізгі мақсат — зиянкестердің санын экономикалық зияндылық шегінен төмен деңгейде ұстап тұру.

Мамандардың айтуынша, шегіртке санының бірде күрт көбейіп, бірде азаюына бірнеше фактор әсер етеді:

— Бірінші мәселе, шегіртке көшпелі зиянкес болып табылады. Ол қолайлы ауа райы жағдайында мыңдаған шақырымға дейін ұшып, бір өңірден екінші өңірге қоныс аудара алады. Сондықтан, оған қарсы күрес бір облыстың немесе ауданның шеңберінде ғана емес, көршілес өңірлермен және шекаралас мемлекеттермен бірлесіп жүргізілгенде ғана тиімді болады.

— Екіншіден, климаттық өзгерістердің де ықпалы зор. Ғаламдық жылыну, құрғақшылықтың күшеюі, жауын-шашын мөлшерінің өзгеруі, су айдындарының тарылуы сыяқты табиғи құбылыстар шегірткенің таралу аумағының кеңеюіне әсер етеді.

— Үшінші фактор бойынша, ғылыми зерттеулерге сүйенсек, үйірлі шегірткелердің саны белгілі бір кезең сайын артып отырады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, олардың

жаппай көбеюі шамамен әр 11-12 жыл сайын қайталанатын. Сондықтан, шегіртке санының өзгеруі — табиғи циклдер мен қоршаған орта жағдайларының бірлескен әсерінің нәтижесі.

Жасулан Ешмуханов облыстың шекаралық аумақтарындағы фитосанитариялық жағдайына жеке тоқталды. Инспекция басшысы зиянды организмдердің сырттан таралуына жол бермеу үшін жүйелі түрде жұмыстар атқарылып жатқанына ерекше көңіл аударды.

— Шекаралық аумақтардың фитосанитариялық қауіпсіздігі — біздің жұмысымыздағы негізгі басым бағыттардың бірі, — деп санайды спикер. — Өйткені, шегіртке әкімшілік шекараны танымайды. Сондықтан мұндай зиянкестерге қарсы күрес көршілес өңірлердің өзара үйлесімді іс-қимылын талап етеді. Осы мақсатта жыл басынан бері Қарағанды облысымен шектесетін сегіз облыстың аумақтық инспекцияларымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды. Соның негізінде аумақтық инспекциялар мен «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Қарағанды облыстық филиалының мамандары тұрақты түрде ақпарат алмасып, бірлес-

кен фитосанитариялық зерттеулер жүргізіп, тәжірибе бөлісіп келеді. Егер шекаралас аумақтарда шегіртке ошақтары анықталса, химиялық өңдеу жұмыстары көршілес облыстармен келісілген тәртіппе, бір мезгілде ұйымдастырылады. Бұл зиянкестердің бір өңірден екінші өңірге қайта таралуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, өңірімізде облыстық және аудандық штабтар құрылып, фитосанитариялық іс-шараларды үйлестіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Жыл басынан бері аумақтық инспекциялар мен әдістемелік орталық мамандары ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен семинар-кеңестер өткізіп, аса қауіпті зиянды организмдердің таралу ерекшеліктері мен оларға қарсы күрес тәсілдерін түсіндіруде.

— Жалпы, зиянды шегірткелердің таралуын шектеу — мемлекет назарындағы маңызды міндеттердің бірі, — деп қорытындылады Жасулан Ерболатұлы. — Бұл бағытта Үкімет тарапынан қажетті қаржы бөлініп, ғылыми негізделген фитосанитариялық іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Өсімдіктерді қорғау саласындағы барлық жұмыстың түпкі мақсаты — ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянды организмдерден қорғау, сапалы әрі қауіпсіз өнім өндіруге жағдай жасау және фитосанитариялық ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету. Осы жауапты міндетті орындау жолында сала мамандары кәсіби тәжірибесі мен білімін тиімді пайдаланып, жүйелі еңбек етуде.

Дастан МҰҚАЖАН

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Ашық концерт алаңы салынады

Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс аумағында жаңа ашық концерт алаңының құрылысы басталды. Нысан Байкен Әшімов көшесі бойында орналасады. Жоба қаланың жаңа әкімшілік-қоғамдық орталығын қалыптастыру тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылуда.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала билігінің жоспарына сәйкес, бұл аумақ алдағы уақытта қоғамдық маңызы бар нысандар шоғырланатын кеңістікке айналады. Болашақта мұнда концерт залының құрылысы да қарастырылған. Ал әзірге бос жатқан жерді тиімді пайдалану мақсатында ашық аспан астындағы көпшілік іс-шараларға арналған алаң салу туралы шешім қабылданды.

Қала әкімі Мейрам Кожуховтың айтуынша, мұндай қоғамдық кеңістікке қажеттілік бұрыннан туындаған.

— Біз ірі қалалық іс-шараларды, концерттер мен фестивальдерді жоспарлаған сайын мен Қарағандыға ашық аспан астындағы жеке алаң қажет деген ойға қайта ораламын. Қала өсіп келеді және бүгінгі күні орталық саябақ әрқашан барлық тілек білдірушілерді қабылдай алмайды.

Ал, Тәуелсіздік алаңында ірі іс-шаралар өткізу қаланың басты көлік магистральдарының бірі — Бұқар жырау даңғылын жабуды талап етеді. Мұның барлығы жолдарда кептеліске әкеліп соғады және тұрғындар үшін қолайсыздықтар туғызады, — дейді қала әкімі Мейрам Кожухов.

Осыған байланысты қаланың Оңтүстік-Шығысындағы бос жатқан учаскені абаттандырып, оны мәдени-көпшілік шаралар өткізетін орын ретінде пайдалану көзделген.

— Ол үшін Әшімов көшесі бойында әлі бос тұрған учаске таңдалды. Аумақ қараусыз қалмауы және қоқыс жиналатын орынға айналмауы үшін оны абаттандырып, қалалық мерекелер, концерттер, фестивальдер мен жәрмеңкелер өткізу үшін пайдалануды шештік, — дейді қала әкімі.

Қазіргі уақытта нысанның негізін дайындау және нөсер көрізін салу жұмыстары жүргізілуде. Келесі кезеңде аумақ



асфальтталып, жалпы аумағы 50 мың шаршы метрден асатын алаң заманауи жарықтандыру жүйесімен жабдықталады. Тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы демалысы үшін қажетті инженерлік инфрақұрылым қарастырылады.

Жоба тек мерекелік іс-шараларды өткізуге шектелмейді. Қоғамдық кеңістік күнделікті тұрғындардың да игілігіне қызмет етеді.

— Сонымен қатар, бұл алаңды қалалық іс-шаралар кезінде ғана пайдалануға болмайды. Концерттер мен фестивальдер болмаған кезде балалар велосипедпен, роллкен және скутермен жүре алады. Ал қыста біз әлемдегі ең үлкен мұз айдынын құюды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, кірме жолдарды жабдықтаймыз. Концерттер, фестивальдер және басқа да бұқаралық іс-шаралар кезінде олар алаңға ыңғайлы

кіруді қамтамасыз етеді, ал, әдеттегі күндері бұл аудан тұрғындары үшін қозғалысты ыңғайлы қылады, — деді Мейрам Кожухов.

Жаңа алаңның іске қосылуы қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі қоғамдық кеңістіктердің санын арттырып, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қосымша мүмкіндік береді. Бұған дейін мұндай шаралар негізінен орталық саябақ пен Тәуелсіздік алаңында өткізілсе, енді оларды жаңа алаңда ұйымдастыру арқылы көлік қозғалысына түсетін жүктемені азайту көзделіп отыр.

Ашық концерт алаңы — қаланың жаңа әкімшілік-қоғамдық орталығын дамыту бағытындағы маңызды жобалардың бірі. Болашақта мұнда концерттер мен фестивалдерден бөлек, жастар, отбасылар және қала тұрғындарына арналған түрлі мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Жаңа алаңдағы алғашқы ауқымды мерекелік шара биыл 30 тамызда атап өтілетін Кеншілер күніне орай ұйымдастырылады.

Сурет Қарағанды қаласы әкімінің Instagram парақшасынан

• ДӘРИЯ АУЫЛЫНА – 90 ЖЫЛ!

Дархан даланын Дәриясы

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», – дейді дана халқымыз. Сөзсіз, әрбір адамның азамат болып қалыптасуы оның өскен ортасынан, ауылының топырағынан бастау алады. Ауыл – ұлттық салт-дәстүріміздің, қаймағы бұзылмаған тіліміз бен мәдениетіміздің алтын бесігі. Қазіргі жаһандану заманында ауылдың қадірін ұмытып бара жатқандаймыз. Алайда, кіндік қанымыз тамған өлкеге деген сағыныш пен құрмет ешқашан ескірмейді. Өнегелі тарихымыз, бабаларымыздың жүріп өткен сара жолы бүгінгі өміріміздің мәнін де, мағынасын да тереңдетіп тұрғандай. Сол себепті тарихымызға зер салу, одан тағылым алу ұлттық ұстанымымызды сақтауға, кешегі өткен ұлыларымыздың аманатына адал болып, саналы да ғибратты ғұмыр кешуімізге жол ашты. Бұл мақалада адам өміріндегі ең қасиетті мекен – туған жер мен ауылдың қадір-қасиеті туралы, атап айтқанда, Шет ауданындағы Бұғылы тау азыннан, Байқара өзенінің оң жағалауында орналасқан Дәрия ауылы жайында толғанатын боламыз.

Тарихы терең ауыл

Туған өлкеміздің табиғаты – даланың әсемдігін көруге болатын тамаша жер. Бұл тау жоталары дала ашық жерлерімен тоғысқан. Өзендер, бұлақтар мен үңгірлер – Бұғылы таулары. Бұл жерлерде табиғат өзінің сұлулығымен адам көзін өзіне баурап алатын өзінің алғашқы келбетін сақтап қалды. Дәрияның тағы бір шұрайлы жерлерін атап өтсек: Шаян, Ақдала, Мұрат, Қыпшақ, Жалғызтау, Найзатас, Бүркітті, Шалбай, Итөлген, Қималы-құдық, Тәуекел кезені, Таркезен, Аюжал, Сарытау, Көктау, Аршалы, Қарақойтас жерлерінің сай-саласы бүлдірген, сарымсақ, қарақат пен қойжуасына толы.

Дәрия ауылының тарихы сонау ежелгі қола және ерте темір дәуірінен бастау алады. Бұған дәлел, 2002 жылы зерттеулер нәтижесінде табылған Дәрия қорымы. Дәрия қорымын 2002 жылы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы Сарыарқа археологиялық институтының (САИ, а.ғ.к. И.А.Кукушкин) археологиялық экспедициясы ашты. Ескерткіш Қарағанды облысының Шет ауданында, Қарағанды қаласынан оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 70 шақырым жерде, Дәрия теміржол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 4,5 шақырым жерде орналасқан. Қорымның жерлеу құрылыстары Жартас-Аюжал (Қрасная горка) тауынан (Қосыбай тауларының оңтүстік сілемдері) оңтүстік-батысқа қарай 80 метр жерде, Шерубай-Нұра өзенінің саласы – Байқара өзенінің сол жағалауында жинақы топ болып орналасқан. Қорымда 11 көрінетін құрылыс бар. Бес құрылыста ересектер, екеуінде балалар жерленген. Қорымнан қыш ыдыстар, тас кетпен, т.б. заттар табылды. Сонымен қатар, 1955-1956 жылдары тарихшылар Ә.Марғұлан, М.Қадырбаевтар қазба жұмыстары кезінде «Бұғылы – 1, 2, 3» керемет археологиялық жаңалықтар ашқан.

Ауылымыздың бергін келе тарихына үнілетін болсақ, халқымыз сан ғасырлардан бергі терең тарихында талай қиын-қыстау кезеңдерді, аумалы-төкпелі замандарды бастан кешті. Қазіргі Дәрия ауылдық округінің жері ол «Қареке-Алтай» болысының құрамында болғаны анық көрсетілген. Бұл болыстық 1832 жылдың қыркүйек айында құрылған, Ақмола уезіне қараған. Болыстан 1901 жылы Бұғылы болысы бөлінді. Алғашқы болысы болып төре Жәңгір Бегалыұлы сайланды. Қазіргі Қарамұрын, Дәрия, Ақой жерлері қарады. Болыстықтар 1923 жылға дейін болып, кейін таратылды, бәрі де Қарағандыға қарады.

Астана қаласының «Ұлттық архивінде» сирек кітаптар және құжаттар қорында «Ақмолинский уезд «по аульные таблицы» деген құнды материалдардағы келтірілген санақ бойынша 1897 жылдан бастап жасалған статистикалық мәліметтерде «Шерубай-Нұра» болыстығы деген бөлімінде Дәрияға қатысты 190-225 беттерінде құнды деректер кездестіруге болады. Болыстық 13 әкімшілік ауылдан тұрады. Негізгі рулар: Төре, Барға-

на-Шушақтар, Кенжеғара, Қарекенің аталары – Тоқбура, Ақбура, Байбұра, Биболды. Әр әкімшілік ауылға 20-дан 40-қа дейін шаруашылық ауылдар қараған, олар туыстық жүйемен құрылған, жеті атаға толмайтын ағайындар бір ауылда тұрған. Бұл ауылдардың қыстаулары, тұрғын үйлері, су көздері, халық саны, мал саны, егістіктері мен шабындықтары көрсетілген. Осы мәліметтерден «Шерубай-Нұра» болысының кандай рулардан құралғанын және негізгі принципі – ертеден бұзылмаған туыстық жүйе екенін көріп отырмыз. Табиғаттың қилы көріністері – жұт, өрт, т.б. өмірдің қиын сәттерінде бірге болған, бірге төтеп берген. Әр ауылдың өздеріне тиеселі жеке-жеке қыстаулары болған, көші-қон заманында ортақ жайлауларға бірге конған.

Сонымен қатар, атакты жазушы, публицист, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Алдан Смайылдың ежелгі Ақмола-Қараөткел өңірінің тарихын ұзақ уақыт зерттеудің нәтижесінде жазылған тарихи-деректемелік көптомдық туындысыныңың III томының 104-106 беттерінде XIX ғасырдағы Дәрия ауылы жайлы қызықты деректер келтіріледі.

Ақмола округ орталығы болып құрылар кезде қазақ даласына, жіктеп айтқанда, Ақмола аймағына арнайы тапсырыамен шыққан Ресей экспедициялары осы ұланғайыр өңірді әскери және экономикалық жағынан қалай еңсеріп, игеруге болатынын егжей-тегжейлі зерттейді. Генерал-губернаторға бірнеше ұсыныс айтылған. Соның бірі, Қырғыз-қайсақ даласын осылай өндірістік мақсатта игеру қорғаныс шараларын ойластыруды қажет етеді. Біз жүріп өткен аймақта үш қамал салынғаны дұрыс. Бірін Жаксы Еңістау көлінің жанынан, екіншісін Ақмоладан, үшіншісін Нұра өзенінің басталар тұсынан, кейінгісін Ақмоладан аламыз. Майор Набоков рапортында өңір жұртымен санасуды артық деп есептеген. Оны үркек етіп сүрестейді. Сол пікіріне дәлел ретінде Қорғалжыннан әрідегі Жаксықоң өзенінің бойында болған мына оқиғаны өңгімелеп береді.

Алдыңғы отряд жолда көлденең созылған қыраттың үстіне шыға келгенде, етектегі ауыл шу етіп көтерілді. Қарулы жұрттықтар үрейлендіргені соншалық, ерсілі-қарсылы жүгіріп, қайда қашарын білмеген ел бірін-бірі қағып-соғып жатты. Әйелдер аңырап, бала жылап азан-қазан. Біреулер үйдің киізін сыпырып, біреулер атқа жүгіріп жанталасып жүр.

– Бұл – ауыл ағасы Торғай батыр, – деп таныстырды.

– Баймырза қайда? – делік.

– Оны ел аманатқа алып қалды,

– делі Бибол. Егер Торғай батыр оралмаса, өледі.

Торғай өзін «Кіші жүзбін, оның ішінде Тама руынанмын» деп таныстырды. Қарауында мыңға жуық жан бар екен. Бұғылы маңындағы Дәрі өзенінен осында жаз жайлауға көшіп келген.

Набоков ұсыныстары айтылған 1816 жылдан соң көп ұзамай, атап айтқанда, сегіз жылдан соң Қарқа-

жатады, оның ішінде 2026 ж. 1 жарты жылдықта 3 075 044,5 мың теңге қалпына келтірілді және өтелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша төмендегілер жолданды:

аудит объектілеріне – 4 аудиторлық қорытынды және 16 нұсқама жолданды, 18 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды; мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 4 ұсыныс жолданды;

ЗЕРДЕ

ралы, Көкшетау, ал 1832 жылы Ақмола бекінісі салынды.

ҚарЛАГ және қуғын-сүргін

Дәрия тарихы 1934 жылдан бастап ҚарЛАГпен байланысты, себебі маңайдағы жерлердің барлығы ҚарЛАГ-тың «Бұрма» бөлімшесіне қараған. Қазақтар мекендеген шаруашылық ауылдардың орындары ҚарЛАГ нүктелеріне айналды, ескі қыстаулар, қорымдар қиратылып, тастарынан мал қоралар салынды. Қрасная горка, Таловка, Калиновка, Огород-Дарья, Дарьинские ворота, 4-Пашенное ҚарЛАГ уақытынан қалған атаулар.

Қуғын-сүргін жылдары Ислам дінін қастер тұтушыларды, аят оқытындарды, ораза ұстайтындарды,



молдалық, тәуіптік қасиеттерімен белгілі болғандарды, Меккеге барып қажы атанғандарды шетінен қамауға алып, көзін жойды. Соның бірі, мұсылман дінін, жолын адал ұстанған Ахметжан қажы да қуғын-сүргіннің құрбаны болған. Ахметжан қажы қуғын-сүргіннің құрғығынан құтыла алмады, сотталды, мал-мүлкінен айырылды, жер аударылды. 27.08.1928 жылы №68 қаулы «О конфискации и выселении крупнеейших байских хозяйств» деген атаумен. Соған сай-кес 150-ден жоғары бас малы бар байлар анықталып, жоспар бойынша тәркілеуге ілінуі керек деп жоспарланды. Ондайлардың саны – 696 адам болыпты, бұл науқан 01.09.1928 жылға дейін орындалуы керек. Ахметжан қажының аты осы 696 бәйдьңң бірі болды.

Қарағандыға келіп ЦЕС-тің түбіндегі қазақ ауылын паналады. Бірақ, бұл жерде де қарап отырмай діни рәсімдерді жүргізген. Халықты емдеген, дін жолымен қаражат жинаған. Колхоздандыруға қарсы үгіттеген. Елге тек, 1942 жылдың күзінде оралған, оның өзінде Әжбаба деген ортаншы ұлы Сталинград түбінде қаза болып, сол себепті елге қайтуға рұқсат берілді. Қажы өзінің туып өскен жері Дәрияда 1947 жылдың күзінде қайтыс болған. Қажының осы күнге жеткен Құраны,

жайнамазы, сәлдесі бар. Ахметжан қажы 16.01.1989 жылғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен толық ақталған. Қарағанды облысы прокурорының 07.09.2018 жылы берген анықтамасы бойынша қажы саяси қуғын-сүргін құрбаны болып есептелді. Сонымен қатар, Жүсіповтар әулетінің тағы 3 ер азаматы әйгілі 58-бап бойынша «халық жауы» ретінде қуғын-сүргінге ұшырап, заңсыз сотталған. Ахметжанның үлкен ұлы Омархан Жүсіпов (1891-1943 жылдар аралығында өмір сүрген) Қарағанды облыстық сотының 19.12.1942 жылғы шешімімен 58-баптың 10 тармағы бойынша 8 жылға сотталып, жазасын «Долинкада» өтеп, 1943 жылы сол жерде қаза болды.

Ахметжан қажының екінші ұлы Әуезхан Жүсіпов (1893-1959жж.)



өз заманының зиялы қауымының көрнекті өкілі болды. Ол 1909 жылы Ақмола орыс приход мектебін бітірген. Сәкен Сейфуллиннен бір сынып төмен оқыды.

Сәкен Сейфуллиннің сыбайластарының бірі ретінде 1937 Жүсіпов 1916 жылдың қаһарлы қысын Ақмола даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі ретінде патша түрмесінде өткізген. Бұл туралы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» («Өзімздің елге оралу» бөлімі) кітабында айтылған. «Жазушы» баспасы, 1977 ж., 326-327 беттер. Аталған кітапта екеуінің кездесуі туралы толық жазылған.

Ахметжан қажының інісі Сейіл қажы 1948-1954 жылдары ҚарЛАГ-тың Бидайық бөлімшесінде жазықсыз отырып шықты.

Сонымен қатар, белгілі ғалым Қайым Мұхамедханов Абай шығармаларын зерттеп, Абайдың 30 шәкіртің нақтылап, «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертация жазғаны үшін 25 жылға бас бостандығынан айырылған, алғашқы қазақ Әнұранының авторы. Семей және Алматы қалаларындағы НКВД түрмесінде отырып, кейін ҚарЛАГ-қа жөнелтілді. Қайым Мұхамедханов, Қарағанды, Теміртау, Долинка, Дәрия, Құла-айғыр, Қарабас, Шерубай, Просторное, Топар, Тартауыл және басқа да Қарағанды лагерлерінде болып, азап жолынан өткен. Қайым Мұхамедханов, Дәрияның бір нүктесінде 1952-1954 жылдары жазасын өтеген деген дерек бар.

Дәрия теміржол бекеті

Теміржол құрылысы қарқынды екпінмен салынып жатты. Ауылда 1935 жылы әуелі электростанция мен су құбыры салынды. 1936

жылы Дәрия теміржол бекеті болып құрылды. Өлкедегі алғашқы «Паровозное депо» ашылды. Елде қажетті әлеуметтік нысандар бой көтерді. 1937 жылы орта мектеп-интернат, клуб, кітапхана, балабақша, науабайхана, монша, аурухана, су жүйесі, екі қабатты үйлер тұрғызылды. Ауылдың барлық өмір тынысы осы теміржолмен байланысты болды. Жан-жақтан келген тұрғындарға жұмыс орны болды, ауыл үлкен елдімекенге айналды. Әкімшілік атқару жүйесі бойынша Жаңаарқа ауданы Ақадыр поселкелік әкімшілігіне қарады. Тек, осыдан 70 жыл бұрын 1956 жылдың 31 шілдесінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің шешімімен, Ж.Тәшенов қол қойған қаулы бойынша сол кезде 5460 тұрғыны болған ауыл өз алдына жеке поселкелік «поссовет»

дегенімнен айнымадым» деген еді. Сонымен, совхоз құрылып, ірі қара мал өсірілді, жаңадан үйлер салынды, көпір тағы бірқатар әлеуметтік нысандар тұрғызылды, балабақша, қонақ үйі, жергілікті әкімшілік. Теміржолдан басқа жұмыс орындары ашылды, ауылдан жастардың кетуі азайды. Бірақ, заман талабына сай совхоздар таратылды, ауылдың ажары кете бастады.

Мектеп тарихынан

2027 жылы Дәрия мектебіне 90 жыл толғалы отыр. Біздің мектеп 1937 жылы салынды. 1937-1962 жылдар аралығында №44 мектеп, 1962-1978 жылдар аралығында №144 мектеп және 1978 жылы №126 орта мектеп болған. 1979 жылы №84 орта мектебі Алматы теміржол құрамында болды. 1982 жылдан бастап, №128 орта мектебі, 1997 жылдан бастап Дәрия орта мектебі, 2015 жылдан «Дәрия жалпы орта білім беру мектебі» КММ және 2021 жылдан бастап, «Дәрия жалпы білім беретін мектебі» КММ болып атанды.

Ауылдың басты байлығы – оның адамдары

Теміржолшылар Ә.Ермеков, И.Бейсеков, С.Сауысқанов, Ж.Сағындықов, Жылтырқөзов – «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» орденімен және көптеген медальмен марапатталды.

Ауылдан шыққан ғалымдар – т.ғ.д. М.Мұқышев, э.ғ.д. Б.Ахметжанов, т.ғ.к Ш.Жүкішев, т.ғ.к. Т.Интыков, «Парасат» орденінің иегері, т.ғ.к. С.Шерияданов, б.ғ.д. Т.Бейсекова – ауыл мақтанышы.

Ауылдың қазіргі тұрмыс-тіршілігі

Ауылдың гүлденуі – елдің гүлденуі. Бүгінде заман ағымына сай туған ауылымыз да өзгеріп, жаңарып келеді. Халықты мазалап жүрген сұрақтары оң шешімін тауып келеді. Кейінгі жылдары балалар спорт алаңы (корт), балалар ойын алаңы, мәдениет үйінің салынуы, жаңа медпункт, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің саябағы, Тұтғыр қойылуы, ауыл ішінде жолдардың асфальтталуы, ең бастысы, үлкен тас жолға шығатын 23 шақырым жол асфальтталуда, т.б. игі істер атқарылды. Бұл жол жыл аяғына дейін жасалып, ауылдың әрі қарай дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Ауылдың тағы бір жақсы жаңалығы 2025-2026 жылдың қыз-қыз маусымында барлық жерлестердің қаржы көмегі арқасында Дәрия футбол командасы Қарағанды облысы әуесқойлар футбол F лигасында жүлделі ІІІ орынды иеленді. Дегенмен, ауылдың басты байлығы ол – еңбекқор, қонақжай әрі ақкөңіл жерлестері. Қай елде, қандай биікте жүрсе де, туған жердің дамуына үлес қосады деген ойдамыз.

Қорыта айтқанда, ауыл – ұлттық болмысымыз бен салт-дәстүріміздің алтын бесігі. Уақыт өтіп, өмір бізді қаншалықты алысқа жетелесе де, туған ауылдың түтіні мен жусан інісі әрқашан жүректің ең жылы түпкірінде сақталып қала бермек.

Ауылымыздың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын, қадірменді жерлестер! Алдағы уақытта ауылымыздың абыройы асқақтай берсін!

Б.БАЙМҰРЗИН,
зейнеткер,
Дәрия кентінің тумасы
С.МҰСТАФИН,
Дәрия кентінің әкімі
Г.СЫЗДЫҚБЕКОВА,
Дәрия ЖББМ тарих пәнінің мұғалімі

Суреттер автордан

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2026 жылғы 1 жартыжылдықтағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы	
Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясы 2026 ж. арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 4 аудиторлық және 1 сараптамалық-талдау іс-шараларын өткізді. Мемлекеттік аудитпен 16 771 929,7 мың теңге қаражат көлемімен 31 объект және 2 объект сараптамалық-талдау іс-шарасымен қамтылды. 8 811 497,0 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтары анықталды. 5 108 089,8 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге	

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің аға тілшісі Ерқанат Кеңесбекұлына әкесі Кеңесбек Жүасбайұлы АМАНБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	
«SARYARQA» телеарнасының ұжымы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің аға тілшісі Ерқанат Кеңесбекұлына әкесі Кеңесбек Жүасбайұлы АМАНБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	
«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің аға тілшісі, әріптесіміз Ерқанат Кеңесбекұлына әкесі Кеңесбек Жүасбайұлы АМАНБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	

Табиғат аясындағы тартысты бәсеке

Бұқар жырау ауданында жастар арасында дәстүрге айналған туристік жиын өтті. Іс-шараға ауданның әр ауылынан жасақталған командалар қатысып, бір күн бойы табиғат аясында туристік өмірдің қыр-сырымен танысты. Ауыл маңына шатыр тігіп, шағын туристік қалашық құрды. Бағдарлама аясында биіктігі жеті метрлік альпинистік қабырға орнатылып, қатысушылар арасында түрлі спорттық сайыстар, командалық жарыстар ұйымдастырылды. Жиынның ашылу салтанатына аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Ернат Әбутаев пен Центральный ауылы Мәдениет үйінің директоры Василий Еркеевич қатысып, жастарға сәттілік тіледі.



леді. Олар туристік бағыттағы, патриоттық мазмұндағы барлық іс-шараларға белсене қатысып, өз үлесін қосуда. Мұндай басқо-

өрмелеу сайысы. Әр командадан бір жігіт және бір қыз арнайы альпинистік құрал-жабдықтарды пайдаланып, белгіленген биіктікті бағындыруға тырысты. Талап бойынша, мәреге ең қысқа уақытта жеткен қатысушы жеңімпаз атанды.

Бұдан бөлек, командалар туристік дайындық шеберліктерін де сынады. Қатысушылар белгіленген уақыт ішінде шатыр тігіп, лагерь жабдықтады, туристік дорбаларын әзірледі. Бөрене аралап, отын дайындады. От жакты. Және жорық жағдайына бейімделген тағам әзірлеу бойынша да сыңа түсті. Ал, төрешілер жұмыстың сапасына, ұқыптылығына, шығармашылық тәсілі мен команданың ауызбіршілігіне карап, бағалады.

Ғабиден Мұстафин кентінің жастары бұл туристік сайыстан жыл сайын қалыс қалмай, үздіктер қатарынан көрініп келеді. Дәстүр бойынша кенттен әр жылы екі команда жасақталып, жарысқа қатысады. Қос ұжым да өзара тәжіри-

суларды ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – жастардың бірлігін нығайтып, өзара ынтымақтастығын арттыру. Осындай басқосулардың арқасында өскелең ұрпақтың бойында белсенділік, ұйымшылдық және жауапкершілік қасиеттері қалыптасады. Алдағы уақытта да жастарға бағыт-бағдар беретін түрлі мазмұндағы іс-шаралар жалғасын табады. Сол игі бастамалардың бел ортасында аудан жастары болатынына сенім мол, – деді Ернат Сайранбекұлы.

Бұл жиынға әр ауданнан жеті команда қатысқан. Шарт бойынша әр команда құрамында 16 мен 35 жас аралығындағы жеті қатысушы болуы шарт. Жарыстың ең әсерлі әрі күрделі кезеңінің бірі – жеті метрлік альпинистік қабырғаға



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, аталған туристік жиынның ұйымдастырылып келе жатқанына биыл – 25 жыл. Осы игі дәстүрдің қалыптасуына атсалысып, жастардың басын қосып жүрген азаматтардың бірі – Василий Васильевич. Ол соңғы 10 жыл бойы бұл шараны Центральный ауылында тұрақты түрде өткізіп келеді. Биылғы дәстүрлі басқосу да Центральный ауылдық округінің аумағында өтті. Жиын барысында Ернат Сайранбекұлы сөз сөйлеп, мұндай жиындардың жастарға берер маңызы зор екенін атап өтті.

– Аудан жастары бүгінде белсенділігімен ерекшеленіп ке-



бесі мен дайындығын көрсетіп, жүлдесіз қайтқан емес. Мәселен, 2024 жылы екі команда да жүлделі орындарға ие болып, бірі – I, екіншісі – II орынды иеленді. Ал, былтырғы бәсекеде кент жастары II және III орындарға тұрақтады. Биыл да Ғабиден Мұстафин кентінің бір командасы жарыстың күміс жүлдегері атаныпты.

– Біз жыл сайын осы турнирге екі команда жасақтап, тұрақты түрде қатысып келеміз. Бұл жарысты асыға күтетініміз рас. Себебі, табиғат аясында аудан жастарымен бас қосып, жақын араласуға, тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар, таза ауада сергіп, жақсы көңіл күй сыйлайтын ерекше шара. Бұл сайыстың басты мақсаты – тек жеңіске жету емес. Ең маңыздысы – командамен бірлесе жұмыс істеп, өзара қолдау көрсету және ортақ мақсатқа бірге ұмтылу. Осындай жиындардың жас мамандар үшін берері мол. Олар жастардың ұйымшылдығын арттырып, командалық рухын қалыптастыруға ықпал етеді, – деді аталған кент әкімдігінің бас маманы Диана Айтбекова.

Сайыс қорытындысы бойынша Орталық ауылының командасы жеңіс тұғырынан көрінді. II орын Ғабиден Мұстафин кентінің жастарына бұйырса, жүлделі III орынды Ростовка ауылының командасы иеленді.

Бұқар жырау ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ШАХМАТ

Жерлестер жетістігі жігер сыйлады

Қазақстандағы әуесқой шахматшылар арасындағы ең ірі жарыстардың бірі саналатын III Senat Open – 2026 ашық құбоғында Қарағанды облысының құрамасы табысты өнер көрсетіп, еліміздің үздік алты командасының қатарына енді. Дүбірлі додаға елдің түпкір-түпкірінен сегіз мыңға жуық спортшы қатысқан. Облыс командасы жоғары нәтиже көрсетіп, жеке лейсында да жүлделі орындарға ие болды. Аталған турнирдің жүлдегерлерін облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов қабылдап, арнайы құттықтады.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов өз сөзінде аталған турнирдің бүгінде қарапайым спорттық жарыс аясынан асып, ауқымды зияткерлік қозғалысқа айналғанын айтты.

– Бұл турнир бүгінде нағыз зияткерлік қозғалысқа айналды. Мемлекет басшысы шахматтың стратегиялық ойлау қабілетін дамытып, сабырлылық пен дұрыс шешім қабылдау дағдысын қалыптастыратынын бірнеше мәрте атап өтті. Бұл қасиеттер спортта ғана емес, кез келген салада аса маңызды. Сондықтан, депутаттық корпус алдағы уақытта да облыс құрамасының турнирге қатысуына жан-жақты қолдау көрсетеді. Қарағандыда ересектерге арналған Шахмат үйін ашу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл жоба өңірдегі шахматтың дамуына тың серпін береді деп сенемін, – деді ол.

Турнир төрт кезеңнен тұрды. Жарыс швейцариялық жүйе бойынша тоғыз турда өтіп, қатысушылар «рапид» форматында сыңа түсті. Додаға тек эло рейтингі 2000 ұпайдан аспайтын әуесқой шахматшылар ғана қатысқан. Финалдық кезеңде Қарағанды облысының денсау-

лық сақтау саласының өкілдері жоғары нәтиже көрсетті. Димаш Кәріпбаев өз санатында топ жарса, Тимур Рахымжанов күміс жүлдеге қол жеткізді.

Димаш Кәріпбаев шахматқа бала кезінен қызыққан. Зияткерлік ойынға деген сүйіспеншілігін ата-сы оятып, төрт жасында шахматтың қыр-сырын үйреткен. Жеңімпаз өз сөзінде:

– Әрине, бұдан да жақсы нәтиже көрсетуге болатын еді. Екі партияда жеңіске жетуге толық мүмкіндік болды. Ойынның барысы да біздің пайдамызға шешіліп келе жатты. Алайда, шешуші сәтте уақыт жетіспей қалды. Рапид форматында уақыт факторы өте маңызды. Жалпы, Қарағанды облысында шахматтың деңгейі жоғары. Мұнда мықты әрі бәсекеге қабілетті ойыншылар өте көп, – деді Димаш Кәріпбаев.

Аймақта шахматқа қызығушылық жыл сайын артып келеді. Бүгінде өңірдің көптеген білім беру ұйымдарында оқушылар шахматтың қыр-сырын меңгеріп, зияткерлік ойынға ерте жастан баулынууда. Сонымен қатар, Қарағанды қаласында шахмат әуесқойларына арналған қоғамдық ойын алаңдарының саны да көбейіп келеді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• СУ СПОРТЫ

Құрлық бәсекесінен – қола жүлде

Тайландтың Бангкок қаласында жасөспірімдер мен жастар арасында су спортынан XII Азия чемпионаты өтті. Құрлық додасына Азияның кіл мықтылары қатысып, өзара сыңа түсті. Аталған жарыста Қазақстан ұлттық құрамасының сапында өнер көрсеткен қарағандылық Тимур Гасюль қола жүлдеге ие болды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, чемпионат бағдарламасына 1 және 3 метрлік трамплиннен, 10 метрлік мұнарадан секіру, сондай-ақ, синхронды секіру сайысы енгізілген. Жерлесіміз кіші жас санатында 5 метрлік мұнарадан секіру бағдарламасында үздік үштіктен көрініп, халықаралық аренадағы кезекті табысын қоржынына салды. Тимур бұдан бөлек 1 және 4 метрлік трамплиннен секіруде IV орынға тұрақтап, спорттық мансабындағы ең үздік нәтижелерінің бірін тіркеді.

Айта кетейік, 12 жастағы Тимур Гасюль Қарағанды облыстық олимпиадалық резервтегі



Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ДЗЮДО

Үмітті ақтаған үш медаль

Иорданияның астанасы Амман қаласында дзюдодан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өтті. Оған әлемнің 27 елінен кіл мықтылар қатысып, өзара бақ сынады. Нәтижесінде, ұлттық құрама спортшылары бес алтын, төрт күміс және үш қола жүлде еншілеп, жалпы командалық есепте II орын иеленді. Ал, ұлттық құрама сапында сыңа түскен қарағандылық спортшылар бір алтын, бір күміс және бір қола жүлдемен оралды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

100 келіге дейінгі салмақта белдескен «Жас Сұңқар» спорт мектебінің тәрбиеленушісі Санжар Ерұланұлы чемпионаты барысында бес кездесу өткізіп, қарсылас шак келтірмеді. Ақтық сында жерлесіміз өзбекстандық спорт-



шымен белдесіп, қарсыласын таза жеңген. Ал, +78 келі салмақ дәрежесінде сыңа түскен Руслана Махатова чемпионаттың күміс жүлдегері атанды. Ол екі кездесу өткізіп, қос қарсыласынан да ұпай айырмашылығымен басым түскен. Өкінішке орай, ақтық бәсеке үшін өткен белдесуде өзбекстандық ба-

луаннан айлсын асыра алмады.

48 келіде өнер көрсеткен тағы бір жерлесіміз Айзат Наукенова чемпионаттың қола жүлдегері атанды. Ақтық кезең жолдама-сы үшін өткен бәсекеде Ветна-м споршысынан жеңілгенімен, қола жүлде үшін бәсекеде Үнді палуа-нынан айлсын асырды.

– Руслананың ақтық кезеңдегі қарсыласы осал емес еді. Десе де, ол бұл қарсыласын бұған дейін Азия кубогында жеңген. Содан болса керек, Руслана өзіне сенімді шығып, қателікке бой алдырды. Негізі, ол финалға шығуы үшін Тайпей спортшысымен белдесіп, бар күшін сол қарсыласына жұмсады. Ол да осал қарсылас емес. Сол кездесуден де шарпаңқырап қалды. Айзат та өзіне сенімді шығып еді. Өкінішке қарай, ол да жеңіліп қалды. Екеуі де психологиялық тұрғыдан қарсыластарынан жеңілді. Өйтпесе, Айзат та ақтық кезеңге дейін жетер еді, – деді дзюдодан Қарағанды облысының жастар арасындағы аға бапкері Қайрат Жұмабек.

Қүзде Азия және Әлем чемпионаты. Сол чемпионатқа дайындалуы үшін үшеуі де Италияға оқу-жаттығу жиындарына аттанды. Жерлестеріміз сол турнирден де жүлделі оралады деген сенімдеміз.

Сурет жеңімпаздың жеке мұрағатынан